

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы бойынша референдум учаскелерінің шекаралары, орналасқан жері, аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының құрамы, жұмыс уақыты туралы ақпарат www.astana-akshamy.kz сайтында жарияланды.

№21
(4919)
Сенбі
21 ақпан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚАЗАҚСТАН ЖАСАМПАЗДЫҚ АРҚЫЛЫ БЕЙБІТШІЛІККЕ ҮЛЕС ҚОСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трамптың шақыруымен Бейбітшілік кеңесінің алғашқы отырысына қатысу үшін Вашингтонға жұмыс сапарымен барды. Сапар аясында Мемлекет басшысы Бейбітшілік кеңесінің алғашқы отырысына қатысып, бірқатар елдің көшбасшыларымен, сондай-ақ АҚШ-тың ресми тұлғаларымен кездесу өткізді.

Вашингтонда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Америка Құрама Штаттарында тұратын және білім алып жүрген Қазақстан азаматтарымен кездесті. Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпаққа үлкен үміт артатынын айтты. Сондай-ақ мемлекет жастарға ұдайы қолдау көрсетіп, олардың жан-жақты дамуына және қабілет-қарымын ұштауға қолайлы жағдай жасайтынын жеткізді. Президент наурыз айында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасы бойынша өтетін жалпыхалықтық референдумның ел болашағы үшін тарихи маңызы зор екеніне назар аударды. Студенттер мен жас зерттеушілер ғылым және білім саласына жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылық білдірді.

(Жалғасы 2-бетте)



КӨШБАСШЫ КӘСІПОРЫН КӨКЖИЕГІ

Өткен жылы еліміздегі отандық машина жасау өндірісі 8,5 есе артты. Саланың өңдеуші өнеркәсіп құрылымындағы үлесі 20%-ға жақындады. Осы ретте елдегі ауыр өнеркәсіптің дамуына ауқымды үлес қосып отырған Астана электротехникалық зауыты аталған өндіріс саласында жабдықтар жасауда көшбасшы орыннан табылуда.

ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ АЯҚТАЛАДЫ

Бүгінгі таңда елорданы газдандыру мәселесіне ерекше маңыз беріліп отыр. Астанада 300 мың тұрғынның 290 мыңы газбен қамтылған, деп хабарлайды elordainfo.kz.

Биыл елордадағы «Шұбар», «Үркер», «Өндіріс», «Пригородный» және «Garden Village» тұрғын алаптарын қосып, қаланы газдандыру жұмыстары толық аяқталады. Сонымен қатар, 2026-2027 жылдары қала маңындағы Қызылсуат, Қаражар және Тайтөбе ауылдарына газ жеткізіліп, тағы 26 мың адам қамтылады.

Энергетика министрлігінің мәліметінше, бүгінгі таңда елімізде 13 миллион тұтынушы газға қол жеткізген.




АРНАЙЫ ТАБЛОЛАР ОРНАТЫЛДЫ

Астанада Қазақстанның жаңа Конституциясын қабылдау жөніндегі республикалық референдумға кері санақ басталды.

Жаңа Конституцияны қабылдау бойынша жалпыреспубликалық референдум биылғы 15 наурызда өтеді. Оған дейін 22 күн қалды. Кері санақ таблолары елорданың бірқатар маңызды нысанында – шолу дөңгелегінде және Қазақстан теміржолы ұлттық компаниясының ғимаратында орнатылды. Ондағы сандар нақты уақыт режимінде референдумға дейін қалған күндерді көрсетіп тұрады.

21-22 АҚПАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жәрмеңкеде көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет өнімдерін, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10.00-ден 19.00-ге дейін «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б мекенжайында өтеді.



№21 (4919) 21/02/2026 Сенбі



AQORDA

ҚАЗАҚСТАН ЖАСАМПАЗДЫҚ АРҚЫЛЫ БЕЙБІТШІЛІККЕ ҮЛЕС ҚОСАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

БЕЙБІТШІЛІК КЕҢЕСІНІҢ ІЗГІ МҰРАТЫ НЕ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бейбітшілік кеңесінің алғашқы отырысында сөз сөйледі. Мемлекет басшысы саммитке қатысушыларға ілтипат білдіріп, осы тарихи іс-шараны ұйымдастырғаны үшін АҚШ Президенті Дональд Трампқа алғыс айтты. «Дональд Трамп атындағы Бейбітшілік институтында өтіп жатқан кездесуіміз батыл әрі прагматикалық әрекеттер шешуші рөл атқаратын кезеңмен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл – түпкі мәні игі тілекке ғана негізделген қарар қабылдайтын конференция емес, керісінше, нақты әрі мақсатты шаралар арқылы бейбіт әлем құруға үлес қосатын жиын. Президент мырза, Сіздің жаһандағы бейбітшілік пен тұрақтылықты ілгерілетуді көздейтін айқын мұратыңыз бен көреген қадамдарыңыз еліміздің Бейбітшілік кеңесіне қосылуына түрткі болды» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Бейбітшілік кеңесі көпжақты күш-жігердің әлеуетін арттыратын, заман талабына сай ұйым деп санайды. «Әлемде мұндай бастама көтерілген жоқ. Расында, бұл – бұрын-соңды болмаған бетбұрыс. Өйткені бірге күш-жігер жұмылдырудың арқасында «Жасампаздық арқылы бейбітшілік» атты жаңашыл тұжырымдаманы немесе жобаны іске асыруға барлық мүмкіндік бар. Сондықтан, Президент мырза, Сіздің нақты іс-әрекет қана бейбітшілікке берік негіз қалайды деген ұстанымыңызды толық құптаймын» деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміз Газа секторындағы ахуалды тұрақтандырып, аймақты қалпына келтіру жұмыстарына атсалысуға дайын екенін жеткізді. «Қазақстан іскерлік және кәсіби беделі жоғары деңгейдегі халықаралық компанияларды тарта отырып, аймақты қайта қалпына келтіру және құрылыс жұмыстарына қатысуға ниетті. Бұл бағдарлама бойынша инфрақұрылым жасақтауға, үйлер мен тұрғын үй кешендерін, мектептер, ауруханалар және басқа да маңызды әлеуметтік нысандарды салуға болады. Әлемдегі ең ірі бидай өндірушілердің бірі саналатын еліміз Газа мен одан тысқары жерлердегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін гуманитарлық көмек көрсетуге дайын. Қазақстан палестиналық студенттердің университеттерімізде білім алуы үшін бес жыл бойы 500-ден аса оқу грантын бөлуді жоспарлап отыр. Біз халықаралық деңгейде мойындалған электрондық үкімет саласындағы тәжірибемізбен және басқа да цифрлық шешімдермен бөлісе аламыз. Қазақстан Халықаралық тұрақтандыру күштерін қолдауға әзір. Яғни награданы бекітуді ұсынамын. Бұл – оның бейбітшілікті ілгерілету ісіндегі ғаламат жетістіктеріне көрсеткен құрметіміз болмақ. Сіздің тегеурінді әрі көреген басшылығыңызбен Кеңес өзінің тарихи ізгі миссиясын абыроймен атқаратынына сенімдімін» деді Мемлекет басшысы.

Дональд Трамп өз сөзінде Газадағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге және қалпына келтіруге кеңістікке айналуға тиіс екенін атап өтті.

Дүниежүзілік банк төрағасы Аджай Банга Бейбітшілік кеңесінің қаржы механизмдері ашықтыққа және қаржыны нақты мақсаттарға бөлу қағидаттарына негізделетінін жеткізді.

Ал Халықаралық тұрақтандыру күштерінің жетекшісі, генерал Джаспер Джефферс Газадағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты



далалық госпиталь құру үшін бір топ медицина маманын, сондай-ақ Азаматтық-әскери үйлестіру орталығына бақылаушылар жіберуге даяр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Таяу Шығыстағы орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін аймақта бейбітшілік пен ынтымақтастықты, өзара сенімді нығайтуды көздейтін жаңа тәсілдер қажет. «Аталған ұстанымға арқа сүйей отырып, Қазақстан Ибраһим келісімдеріне қосылу жөнінде шешім қабылдады. Осылайша, біз аймақта және одан тысқары жерлерде прагматикалық экономикалық әрі гуманитарлық ынтымақтастыққа үлес қосамыз. Бұл Бейбітшілік кеңесінің ізгі мұратына толық сай келеді» деді Президент.

ТРАМП АТЫНДАҒЫ НАГРАДАНЫ БЕКІТУДІ ҰСЫНДЫ

Кеңестің жаһандық күн тәртібін ескере отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда түрлі деңгейдегі кездесулер өткізу арқылы бұл бастамаға нақты қолдау көрсетуге дайын екенін растады. «Сонымен қатар Бейбітшілік кеңесі аясында Президент Трамп атындағы арнайы атсалысқаны үшін Бейбітшілік кеңесінің алғашқы отырысына қатысушыларға шынайы ризашылығын білдірді. АҚШ Президенті Кеңеске қатысушы елдердің басшыларын таныстыру барысында Қазақстанды керемет әрі бай ел ретінде сипаттады. Дональд Трамп Саммитке келген мемлекеттер басшыларын шешімтал әрекеттері арқылы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға, халықаралық диалогты дамытуға елеулі үлес қосқан нағыз жаһандық ауқымдағы көшбасшылар деп атады.

БЕЙБІТШІЛІК КЕҢЕСІНДЕ ҚАНДАЙ БАЯНДАМАЛАР ЖАСАЛДЫ?

Жоғары деңгейдегі іс-шара барысында Бейбітшілік кеңесінің қамтамасыз ету шаралары жөнінде айтты.

Газаны басқару жөніндегі ұлттық комитеттің басшысы Али Шаат қайта қалпына келтіру жұмыстарын үйлестіру және халықаралық серіктестермен ықпалдастық тәсілдерін ұсынды.

Сонымен қатар жиында АҚШ Вице-президенті Джей Вэнс, АҚШ Мемлекеттік хатшысы Марко Рубио, Бахрейн Королі Хамад бен Иса Әл Халифа, Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Индонезия Президенті Прабово Субианто, Румыния Президенті Никушор Дан, Албания Премьер-министрі Эди Рама, Мысыр Премьер-министрі Мұстафа Мадбули және басқа да тұлғалар сөз сөйледі.

ӨҢІРАРАЛЫҚ САУДА МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖОБАЛАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Президент U.S. International Development Finance корпорациясының (DFC) атқарушы директоры Бен Блэкті қабылдады. Беделді халықаралық қаржы институты басшысымен кездесуде инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту және бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективасы талқыланды.

Мемлекет басшысы корпорацияны Қазақстанның орнықты дамудағы маңызды серіктесі деп атап, экономиканың түрлі секторындағы ықпалдастықты тереңдетуге әзір екенін растады.

Бен Блэк Президент Дональд Трамп пен оның әкімшілігі Қазақстанмен тығыз әрі өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға баса мән беретінін айтты.

Осы орайда ол аймақтық және өңіраралық сауданы кеңейтуде стратегиялық маңызға ие тау-кен өндірісі, көлік-транзит инфрақұрылымы салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асырудың мүмкіндігі мол екеніне назар аударды.

АҚШ-қа ТІКЕЛЕЙ ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ АШЫЛАДЫ

АҚШ-қа жұмыс сапары аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев авиация, қорғаныс және ғарыш техникаларын шығаратын Boeing трансұлттық корпорациясының басшылығымен кездесті. Президент отандық Air Astana, SCAT және Vietjet Qazaqstan компаниялары еліміздегі авиация саласын дамытуда ерекше маңызға ие ортақ жобаларды одан әрі ілгерілетуге мүдделі екенін атап өтті.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Air Astana мен Boeing арасында ұшақ жеткізу бойынша келісімге қол қойылғанын құптады. Биыл жыл соңына дейін Құрама Штаттарға тікелей әуе қатынасын ашу мақсатында Boeing 787 Dreamliner ұшақтары елімізге жеткізіледі деп жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, SCAT әуе компаниясы қосымша Boeing ұшақтарын сатып алмақ. Сондай-ақ американдық корпорациямен серіктестік негізінде Шымкент әуежайында алғашқы техникалық қызмет көрсету және жөндеу орталығын ашу мүмкіндігі қарастырылып жатыр.

Джефф Шокки компанияның цифрландыру саласындағы жоспарымен бөлісіп, Қазақстанның көлік-транзит әлеуетіне жоғары баға берді. Оның айтуынша, әуемен жүк тасымалдау бағытында нәтижелі ықпалдастық орнатуға мүмкіндік мол. Сонымен қатар кездесу барысында авиация саласына маман даярлау және еліміздегі жүк тасымалдаушы ұшақтар паркін дамыту перспективасы талқыланды.

БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ashmore Group халықаралық инвестициялық компаниясының басшысы Марк Кумбс өзара тиімді бірлескен жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады. Президентке Ashmore Healthcare International компаниясы мен «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-інің бірлесіп, Қазақстанда халықаралық клиника салу жоспары жөнінде мәлімет берілді. Бұл бастамаға әлемдік деңгейдегі медицина операторы –Mount Sinai Health System компаниясын тарту көзделген.

Мемлекет басшысы Үкіметтің аталған маңызды жобаға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін айтты. Марк Кумбс Қазақстан экономикасының стратегиялық секторларында ынтымақтастық орнату үшін зор әлеует бар екеніне назар аударды. Сонымен қатар экономиканың басымдыққа ие және жоғары технологиялы салаларын дамытуға бағытталған Ашық инвестициялық серіктестік бағдарламасы аясындағы ықпалдастық перспективасы жайында пікірімен бөлісті.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНА АЗЫҚ ӨНДІРЕТІН ЗАУЫТ САЛАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Mars компаниясының бас атқарушы директоры Пол Вайраухты қабылдады. Мемлекет басшысы Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Mars компаниясы арасында жалпы сомасы 180 миллион долларға жуықтайтын инвестициялық келісімге қол қойылғанын құптады.

Мемлекет басшысының пікірінше, бұл уағдаластық маңызды стратегиялық серіктестіктің бастауы саналады және Қазақстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастықтың деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Жоба аясында Mars компаниясы Алатау қаласында үй жануарларына арналған азық өндіретін зауыт салады. Өндіріс орны агроөнеркәсіп шикізатын терең өңдеуге және қосылған құны жоғары тауар өндіруге септігін тигізеді.

Пол Вайраух өзара тиімді инвестициялық келісімді жүзеге асыруға қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Ол аталған бастама Mars компаниясының өндірістік әлеуетін кеңейтуге және Орталық Азия мен көршілес аймақтар нарығына өнім шығару көлемін арттыруға мүмкіндік беретінін жеткізді.

№21 (4919) 21/02/2026 Сенбі



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР РЕФОРМА ЖАЛҒАСЫ

Сенатта Спикер Мәулен Әшімбаевтің төрағалығымен Палата отырысы өтті. Отырыста заңдар қаралып, сайлау туралы конституциялық заң жобасы бойынша бірлескен комиссияның құрамы жаңартылды және депутаттық сауалдар жолданды.

Палата отырысында 19 ақпан мен 5 наурыз аралығында сенаторлардың өңірлерге шығып, жаңа Конституция жобасын түсіндіру кездесулерін өткізетіні айтылды. Сондай-ақ 15 наурызда Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес Конституция жобасы бойынша республикалық референдум өтетіні атап өтілді.

Сенат сонымен қатар Қытаймен жаңартылатын энергия жобалары жөніндегі келісімді ратификациялау туралы заңды және туризм мен балалар спортын қолдауға бағытталған заңды қарады.

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев брифинг барысында Конституцияға өзгерістер енгізу және саяси жүйені жаңғырту мәселелері соңғы 6-7 ай бойы қоғамда кеңінен талқыланғанын айтты. Қазіргі кезде азаматтық қоғам, ҮЕҰ, сарапшылар, саяси партиялар мен БАҚ өкілдері пікір білдіріп, осының негізінде Конституция жобасы референдумға шығарылып отырғаны атап өтілді. Сондай-ақ 15 наурызда Президент Жарлығымен өтетін референдумға азаматтар белсенді қатысып, өз таңдауын жасайды деген сенім білдірді.

Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес 15 наурызда жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдум өтетіні айтылды. Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев депутаттармен өңірлерде конституциялық реформалардың мәнін халыққа түсіндіру жұмысын жүргізіп, конституциялық өзгерістер Президенттің саяси бағытының жүйелі жалғасы және «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының институционалдық негізі екеніне ерекше назар аударылатынын жеткізді. Азаматтардың бастамаларды дұрыс түсініп, қолдауы реформаларды табысты іске асырудың басты шарты екенін атап өтті.

СМАРТФОНДЫ САҚТЫҚПЕН ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ!

Ішкі істер министрлігі азаматтардың смартфондарына зиянды қосымшаларды орнату арқылы қашықтан қол жеткізетін алаяқтық схема туралы ескертті.

Polisia.kz хабарлағандай, қазіргі уақытта Android операциялық жүйесі орнатылған мобильді құрылғыларға зиянды бағдарламаны орнатып, тарату жағдайлары тіркеліп отыр. Қаскөйлер оны тарату үшін түрлі тәсілдер қолданады. Атап айтқанда: мессенджерлер мен әлеуметтік желілер арқылы фишингтік сілтемелерді тарату; жалған мобильді қосымшалар; фото, бейне және құжаттар түрінде жасырылған зиянды қосымшалар; мемлекеттік органдар, банктер және жеткізу қызметтері атынан жіберілетін хабарламалар; акцияға немесе ұтыс ойынына қатысу сылтауымен қосымша орнатуды талап ететін қоңыраулар.

«Мұндай бағдарлама орнатылғаннан кейін алаяқтар құрылғыға қашықтан қол жеткізу мүмкіндігіне ие болады. Бұл шоттардағы қаражаттың ұрлануына, онлайн-несиелердің рәсімделуіне, жеке деректер мен хат алмасудың таралуына, сондай-ақ телефонды бұғаттап, төлем талап етуге әкеп соғуы мүмкін. Өзіңізді қорғау үшін үшінші тұлғалардың өтініші бойынша қосымшаларды орнатпаңыз, SMS арқылы келген кодтарды ешкімге хабарламаңыз, күмәнді сілтемелерге өтпеңіз, тек ресми қосымшаларды және антивирустық бағдарламаны пайдаланыңыз, банк операциялары туралы хабарламаларды қосыңыз. Телефоныңызда қауіпті бағдарламаның пайда болғанын мынадай белгілерінен білуге болады: батареяның тез таусылуы, құрылғының қызып кетуі, бейтаныс қосымшалардың пайда болуы. Күдік туындаған жағдайда интернетті дереу өшіріңіз, банкпен байланысыңыз және құқық қорғау органдарына жүгініңіз. Сақ болыңыз. Цифрлық қауіпсіздік өзімізден басталады» делінген ІІМ-нің хабарламасында.

МАЙ ЭКСПОРТЫНАН – 6-ОРЫНДА

Биыл Қазақстан күнбағыс майын экспорттау бойынша әлемде 6-орынға көтеріліп, Еуроодақ елдеріне күнбағыс шротын жеткізетін негізгі 3 мемлекеттің қатарына кіріп отыр. Бұл жаңалықты Сауда және интеграция министрлігі жария етті.

«Бұл кездейсоқ өсім емес. Сала біртіндеп шикізаттық бағыттан терең өңдеуге көшіп жатыр. Қазақстанда өсірілетін майлы дақылдардың 90 пайыздан астамы ел ішінде өңделеді. Яғни сыртқы нарыққа дайын, қосылған құны жоғары өнім шығарылуда» делінген ведомство хабарламасында.

Ұлттық майлы дақылдарды өңдеушілер қауымдастығының төрағасы Ядыкар Ибрагимовтың айтуынша, соңғы жылдары сала түбегейлі трансформациядан өтті. «Бұрын Қазақстан негізінен шикізат экспорттайтын. Қазір біз шетел нарықтарына өңделген өнім шығарып отырмыз. Кәсіпорындарды жаңғырту, жұмыс қуатын арттыру және логистиканы дамыту нәтижесінде күнбағыс майының экспорты әлемде көшбастап тұр. Алдағы мақсатымыз үздік үштікке ену және саланың валюталық түсімін 2 млрд долларға дейін жеткізу» деді ол Алматыда өткен дөңгелек үстелде.

2021 жылдан бері саланың жұмыс қуаты 2,5 есе өсті. Негізгі экспорттық бағыттар – Қытай, Орталық Азия елдері және Еуроодақ. Бұл нарықтарда өсімдік майы мен шрот импорты жылына 40 млн тоннадан асады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖАРИЯЛАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Орталық Азия елдері мен АҚШ арасындағы «С5+1» форматы шеңберінде мемлекет басшылары қол жеткізген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелері бойынша Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің отырысын өткізді.

Кеңес жұмысына дипломатиялық корпустың, соның ішінде жаңадан тағайындалған АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Джули М.Стаффт, сондай-ақ халықаралық компаниялар мен іскер қоғамдастықтың өкілдері және еліміздің мемлекеттік органдарының басшылары қатысты.

Отырысқа қатысушыларға арнаған сөзінде Премьер-министр Қазақстанда жүргізіліп жатқан конституциялық реформаның маңыздылығын атап өтті. «Қазақстан маңызды саяси кезеңнен өтуде. 15 наурызда өтетін жалпыхалықтық референдумда азаматтар жаңа Конституцияның жобасы бойынша дауыс береді. Жаңа Конституция Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Әділетті әрі Қуатты Қазақстан құруға бағытталған ауқымды саяси реформаларын айқын көрсетеді. Үкіметтің негізгі міндеті – еліміздің орнықты экономикалық өсуін қамтамасыз ету арқылы азаматтардың табысын арттыру және өмір сүру сапасын жақсарту. Осы мақсатқа жету үшін жаңа инвестициялық циклді толыққанды іске қосуға бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылуда» деп атап өтті Олжас Бектенов.



Сонымен қатар 19 ақпанда Вашингтонда өткен Бейбітшілік кеңесінің алғашқы отырысының ерекшелігіне назар аударылды. «Кеше Мемлекет басшысы Бейбітшілік кеңесінің бірінші отырысына қатысып, АҚШ Президенті Дональд Трамптың Таяу Шығыстағы жағдайды тұрақтандыруға бағытталған бастамасына қолдау білдірді. Қазақстан Газаны қалпына келтіру үдерістеріне қатысуға мүдделі. Америка Құрама Штаттарымен қарым-қатынастардың орнықты дамуы Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі болып қала береді» деді Премьер-министр.

АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Джули М.Стаффт бүгінгі таңда жоғары деңгейде орныққан екіжақты қарым-қатынастардың одан әрі кеңеюіне сенімі зор екенін жеткізді. «Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Вашингтонда жаһандық аренада сөйлеген сөзі әсерлі болды. Біз бүгінгі таңда жоғары деңгейде орныққан екіжақты қарым-қатынастарымыздың одан әрі кеңеюін күтеміз. Коммерциялық ынтымақтастығымыз 2025 жылы рекордтық көрсеткішке жетті. Тек 2025 жылдың 4-тоқсанының өзінде қазақстандық және американдық компаниялар арасындағы мәмілелер көлемі $17 млрд-қа жетті. Бұл нәтижелер біздің көзқарасымыздың бір екенін және екі елдің экономикалық өсімін көрсетеді, оның игілігін халқымыз көрмек, сонымен бірге өзара қарым-қатынасымыз дамытуға, цифрландыруға, өндірісті локализациялауға, озық технологияларды енгізуге және тұрақты экономикалық өсімге бағытталған ұзақ мерзімді әріптестіктерді қалыптастыруға баса назар аударылды.

«Ситибанк Қазақстан» АҚ басқарма төрағасы Сәуле Жақаева «С5+1» алаңдарында қол жеткізілген уағдаластықтарды жалғастыру үшін бюджетке қосымша жүктемесіз теміржол, авиациялық және аэронавигациялық инфрақұрылымды жаңғырту үшін US EXIM кепілдігімен қаржыландыру тартылғанын, бұл елдің технологиялық деңгейі мен транзиттік әлеуетін арттыратынын хабарлады.

Eurasia Group Kazakhstan бас операциялық директоры Сергей Глокке Үкіметтің қолдауымен Қазақстанда John Deere техникасын өндіруді локализациялау, сервистік инфрақұрылымды кеңейту және АӨК-те кооперацияны тереңдету жоспарлары туралы айтты. Атап айтқанда, Түркістан облысындағы зауытта өндірілетін ауыл шаруашылығы техникасы мен көкөніс өсіруге арналған жабдықтар желісін кеңейту жоспарлануда. Тәжірибесін жетілдіру мақсатында қазақстандық мамандар АҚШ-тағы John Deere кәсіпорындарында біліктілігін арттырады. Өткен жылы Мемлекет басшысы жариялаған Қазақстандағы Жұмысшы мамандықтар жылы кәсіби құзыреттілікті дамытуға және кадрлық әлеуетті нығайтуға қосымша серпін берді. Кадрларды даярлау және біліктілікті арттыру экономиканың жетекші салалары, соның ішінде ауыл шаруашылығы үшін басымдық болып қала береді.

Wabtec Corporation компаниясының ТМД елдері мен Моңғолиядағы далалық сервистер және техникалық қызмет көрсету жөніндегі вице-президенті Ғайни Дүйсенова кәсіпорындарда цифрлық технологияларды енгізу арқылы өндірісті кеңейту жоспарлары туралы хабарлады. Қазақстан американдық Wabtec Corporation холдингінің өңірдегі өндірістік серіктестері арасында көлемі бойынша екінші орында тұр. Ынтымақтастық жылдарында ҚР-да 700-ден астам локомотив шығарылды, кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 100 теміржол техникасын құрайды. ҚТЖ-мен әріптестік шеңберінде локомотивтер мен дизельді қозғалтқыштарды шығаруды одан әрі ұлғайту жоспарлануда. ҚР-да теміржол инфрақұрылымын дамыту, «осал тұстарды» жою бойынша жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарды ескере отырып, локомотив паркін жаңарту және өндірістік қуаттарды кеңейту елдің транзиттік әлеуеті мен өткізу қабілетіне серпін береді.

Freedom Holding Corp. бас атқарушы директоры Тимур Турлов «С5+1» форумы шеңберінде OpenAI және NVIDIA-мен қол қойылған келісімдер Қазақстан үшін білім беру және жасанды интеллектіні дамыту саласында түбегейлі жаңа мүмкіндіктер ашатынын атап өтті. Оның айтуынша, бұл бастамаларды жүзеге асыру цифрлық экономика үшін кадрларды жүйелі даярлауды көздейді және қазіргі заманғы есептеу инфрақұрылымын қалыптастыруға, оның ішінде Павлодар облысындағы «Деректерді өңдеу орталығы алқабы» жобасы шеңберінде негізделуі мүмкін.

Deloitte Kazakhstan компаниясының салық практикасы жөніндегі серіктесі Елдос Сыздықов Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан салық реформасы аясында қабылданған өзгерістерге оң баға беріп, ҚҚС-ты уақытылы қайтармағаны үшін өсімпұлды уақытша алып тастау және әкімшілендіру рәсімдерін жетілдіру теңгерімді сипатқа ие, ал жаңа нормалар ашықтықты арттыруға және іскерлік ортаны нығайтуға бағытталғанын атап өтті. Жалпы, арнайы салық режимдерінің параметрлерін қайта қарау, ең алдымен, теңгерімсіздіктерді жоюға және салық салудың әділ жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Отырыста көтерілген мәселелер бойынша Қаржы және Сыртқы істер министрліктерінің басшылары пікір білдірді.

Премьер-министр Олжас Бектенов халықаралық әріптестермен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және қолайлы инвестициялық ахуал құруға бейілді екенін атап өтті. Жаһандық технологиялық тізбектерді қалыптастыру шеңберінде Үкімет халықаралық технологиялық компанияларды ынтымақтастыққа тартуға және серпінді цифрлық жобаларды жүзеге асыру үшін инфрақұрылым құруға ден қояды. Жауапты мемлекеттік органдарға американдық сауда палатасымен бірлесіп алдағы жұмыстарда жиында айтылған бастамалар мен бизнес ұсынымдарын ескеру тапсырылды.

№21 (4919) 21/02/2026 Сенбі



СПОРТ ПЕН ЖАСТАР САЯСАТЫНА СЕРПІН БЕРЕДІ

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясы Астана қалалық штабының мүшелері Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайының ұжымымен кездесті.

Ашық әрі мазмұнды әңгіме барысында алдағы конституциялық өзгерістердің спорт пен жастар саясатына тигізер ықпалы талқыланды. Аталмыш штаб төрағасы Ерлан Каналимов жаңа конституциялық үлгіде адам, оның өмірі, денсаулығы мен дамуы ең жоғары құндылық ретінде айқындалатынын атап өтті.

«Бұл спорт қауымдастығы үшін бұқаралық және кәсіби спортты жүйелі қолдау, инфрақұрылымды нығайту, медициналық сүйемелдеуді дамыту және чемпиондар тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасау дегенді білдіреді. Спортшылардың әлеуметтік кепілдіктері, балалар мен жасөспірімдер спортына қолдау көрсету, инфрақұрылымға тең қолжетімділік пен қаржыландырудың ашықтығы мәселелеріне ерекше назар аударылды. Ел намысын асқақтатып жүрген спорт өкілдеріне белсенді ұстанымы, мемлекет беделін нығайтуға қосқан үлесі және өз ісіне адалдығы үшін алғысымды білдіремін. Спорт – қуатты мемлекеттің берік тірегі» деді Ерлан Каналимов.

ЭТНОМӘДЕНИ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

Елордадағы Достық үйінде «Әзербайжандар қауымдастығы» РҚБ-ның ұйымдастыруымен конституциялық реформалар кезеңінде Халықтық кеңес шеңберіндегі этномәдени бірлестіктердің институционалдық қызметін талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті.



Жиынға этномәдени орталықтардың өкілдері, қоғамдық ұйым мүшелері мен сарапшылар қатысты. Кездесу барысында жаңа Конституция жобасындағы өзгерістердің маңызы, этномәдени бірлестіктердің рөлі және алдағы референдумдағы қоғамның жауапкершілігі жайлы сөз қозғалды.

«Бүгінгі кездесуде этномәдени бірлестіктердің Халық кеңесіндегі алар орны ерекше екені айтылды. Елімізде 130-дан астам ұлт өмір сүрсе, әзербайжан халқының орны айрықша. Біліміз де, дініміз де, түріміз де бір. Ұшақ апаты кезінде көрсетілген қолдау – екі ел арасындағы бірліктің айқын көрінісі. Жаңа Конституция реформасында этномәдени орталықтардың рөлі маңызды. Халық кеңесі – халықтың үнін билікке жеткізетін алаң. Бұл – еліміздің стратегиялық бағыттарын айқындайтын маңызды тетік. Тағдыршешті кезеңде қабылданатын Конституцияға елдегі барлық азаматтың қатысуы қажет. Еліміздің басты құндылығы – тұрақтылық. Болашағымыз – балаларымыз. Сондықтан 15 наурыз күні жаңа Конституцияны қолдауға шақырамын» деді Астана қаласы мәслихатының депутаты Ләззат Разбекова.

Сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Республикалық аналар кеңесі төрағасының орынбасары Баян Ахатай, Астана қаласы ҚХА хатшылығының бас маманы Жанна Әбдуали және Respublica партиясы Орталық аппаратының өкілі Дастан Дәулетияров та сөз сөйлеп, Конституциядағы өзгерістердің артықшылығына тоқталды.

«Конституция – мемлекеттік биліктің бағытын айқындайтын, адам құқықтарына кепілдік беретін, елдің экономикалық және әлеуметтік саясатының негізін қалыптастыратын басты заң. Конституциялық референдум – мемлекеттің ең іргелі негізін жаңарту үдерісі әрі халықтың тікелей қатысу тетігі. Бұл – жоғары демократияның көрінісі. Ұсынылып отырған өзгерістер Әділетті Қазақстанды қалыптастыруға бағытталған. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық тарихи кезеңі қорытындылануда. Осы уақыт ішінде Ассамблея ұлтаралық келісімді нығайтып, қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуде стратегиялық миссия атқарды. Қазақстан – ортақ үйіміз. Тағдырымыз бір, Конституциямыз бір, жауапкершілігіміз ортақ. Қазақстанның күші – халықтың бірлігінде. Сондықтан баршаңызды Конституцияны қолдауға шақырамын» деді «Әзербайжандар қауымдастығы» филиалының төрағасы Бақыш Гулиев.

Жиын соңында қатысушылар пікір алмасып, этномәдени бірлестіктердің ел бірлігі мен қоғамдық тұрақтылықты нығайтудағы рөлін одан әрі арттыру қажеттігін атап өтті.

ТУРИЗМДІ ТҮЛЕТЕДІ

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының елорданың Есіл аудандық филиалының жетекшісі Санира Жүсіпова және осы филиал өкілі Шолпан Батыр жаңа Конституция жобасын түсіндіру мақсатында Comfort Hotel Astana қонақүйі қызметкерлерімен кездесті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Спикерлер Жаңа Конституция жобасының туризм мен мәдени алмасуды дамытуға қатысты ережелерін түсіндірді. Іс-шара барысында саланың елдің халықаралық имиджін нығайтудағы рөлі және бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер қалыптастыру мәселелері сөз болды. Жиын барысында туристік сала мамандары өз сұрақтарын қойып, ұсыныстарын жеткізді.

«Қазір Қазақстан Конституциясы бекітілген 1995 жылғыдағыдай емес, заман өзгерді. Өмірімізге жасанды интеллект, цифрландыру дәуірі дендеп еніп жатыр. Туындыған кейбір мәселені бір ғана қоңырау шалу арқылы шешуге болады. Ал кейбір салаларда мәселе тек заңнамалық өзгерістер енгізілу жолымен шешіледі. Конституцияның жаңа жобасы бойынша бір палаталы Құрылтай құрылады. Қос палаталы Парламентте заңдарды Мәжіліс пен Сенат қарайды. Жоғары палата белгілі бір заңдағы шикіліктерді байқаса, төменгі палатаға қайтарады. Осылайша заңды қабылдағанша біраз уақыт өтеді. Ал бір палаталы Құрылтай жаңа заңдарды жеделдетіп қолданысқа енгізеді» деді Санира Жүсіпова.

КОАЛИЦИЯ ФИЛИАЛЫ ҚҰРЫЛДЫ

Астанада «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының Нұра аудандық филиалы құрылды.

Филиал жұмысының мақсаты – тұрғындармен ашық диалог алаңын құру, жаңа Конституция жобасы туралы ақпарат беру және ұсынылған өзгерістердің адамдардың өмірін қалай жақсарта алатынын, әділеттілікті қалай нығайта алатынын және азаматтарды басқару процестеріне қалай тартуға болатынын түсіндіру.

Аудандық филиалдың басшысы болып Астана қаласы мәслихатының депутаты Талғат Дүйсеков тағайындалды. Ашылу рәсіміне коалицияның қалалық филиалының мүшелері қатысып, өз идеялары мен жоспарларымен бөлісті, алдағы кездесулер, консультациялар және білім беру шаралары туралы айтып берді.

ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ МАҢЫЗЫН АШТЫ



Елордадағы «Алматы» бизнес орталығында жаңа Конституция жобасын түсіндіруге арналған кездесу өтті. Кездесуге орталықтың еңбек ұжымы мен әкімшілік өкілдері қатысты.

Индира БЕРЖАНОВА

Спикерлер ретінде Астана қаласы Кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің мүшесі, Республика партиясының өкілі Нұрлан Нұрмағамбетов және Қазақстан Халық партиясының өкілі Насихат Смайыл сөз сөйледі. Жиын барысында олар ұсынылып отырған өзгерістердің негізгі ережелеріне жан-жақты тоқталды.

– Жаңа Конституция жобасында білім, ғылым және инновацияны ел дамуының негізгі қозғаушы күштері ретінде қарастыру ұсынылады. Бұл жастардың ғылыми әлеуетін арттыруға, шығармашылық пен технологиялық бастамаларды дамытуға жол ашады. Білім беру саласындағы тең мүмкіндіктердің сақталуы сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Жаңа конституциялық нормалар азаматтардың міндетті орта білім алу құқығын бекітіп, жоғары білімді конкурстық негізде алуға жағдай жасайды, – деді Н.Смайыл.

Астана қаласы Кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің мүшесі Нұрлан Нұрмағамбетовтың айтуынша, мұндай кездесулердің басты мақсаты – алдағы өзгерістердің мәнін азаматтарға жеткізу.

«Еңбек ұжымының, қарапайым азаматтардың, бизнес қауымдастық өкілдері мен кәсіпкерлердің саяси үдерістерге белсенділік танытуы талқылаудың шынайы, ашық әрі мазмұнды болуын көрсетеді. Сондықтан түсіндіру жұмыстарын тікелей еңбек ұжымдарында жүргізу маңызды. Конституцияға өзгерістер енгізу – уақыт талабы. Қазақстан дамып келеді, сондықтан мемлекеттік жүйе де заманауи талаптарға сай болуы тиіс» деді спикер.

ЖАҢАША ДАМУ ЖОЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Жаңа Конституция Қазақстанды тың қарқынмен өркендетуге, әр азаматтың әлеуетін арттыруға жол ашады деп сенемін. Қалай десек те, Ата заңымызға қатысты түпкілікті шешім жалпыұлттық референдумда қабылданады. Біздің басты мақсатымыз – қазіргі күрделі кезеңде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және халықаралық әлеуетін арттыру» деді.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Осыған орай Астана халықаралық университеті профессорлық-оқытушылық құрам мен студенттердің басын қосты.

Кездесу барысында бірнеше ай бойы қоғамда жаңа реформаларға қатысты қызу пікірталас болғаны, осы кезеңде Жұмыс тобы азаматтар мен сарапшылардан түскен 2 мыңнан аса ұсынысты жан-жақты қарастырып, жүйелегені туралы кеңінен түсіндірілді.

Жаңа Конституцияның 3-бабының 2-тармағында адами капиталды, білімді, ғылымды және инновацияны дамыту мемлекеттің стратегиялық бағыты ретінде айқындалғаны жайлы оң пікірлер айтылды. Ғалымдар жоғары білімді ұлт қалыптасқан жағдайда елімізде экономикалық өркендеу, әлеуметтік әл-ауқаттың артуы, саяси әділеттіліктің орнығуы және тұлғалық дамудың қамтамасыз етілуі мүмкін екеніне тоқталды.

Шараға қатысушылар Жаңа Конституция жобасында көрсетілген стратегиялық басымдықтарды жүзеге асыру жастардың еншісінде екенін атап өтіп, ой бөлісті.

ДҰРЫС ТАҢДАУ ЖАСАУҒА ШАҚЫРДЫ





Астана қаласындағы №8 қалалық емханада «Еңбек және әлеуметтік құқық бойынша конституциялық кепілдік» тақырыбында медицина мамандарымен кездесу өтті. Жиынға қалалық мәслихат депутаты Салтанат Женалаева мен Қазақстан халық партиясының өкілі Насихат Смайыл спикер ретінде қатысып, емхана қызметкерлеріне жаңа Конституциялық жобаның негізгі бағыттары туралы кеңінен ақпарат берді.

Райхан РАХМЕТОВА

Қазақстанда үлкен жаңа маңызды кезең басталғалы тұрғанын, яғни еліміздің тарихындағы елеулі оқиға жаңа Конституцияны қабылдау бойынша референдум өтетінін жеткізе келе депутат қазіргі Ата заңдағы ерекшеліктерді айтып берді.

– 1995 жылғы қазіргі Конституция баптары өз кезеңінде елімізді қалыптастыруға, тәуелсіздігімізді нығайтуға, бүгінгідей мемлекет құруға мүмкіндік берді. Бірақ Қазақстан бір орнында тұрмай дамуда, адамдардың сұранысы, көп дүниеге көзқарасы өзгерді. Сондықтан жаңа Конституция жобасы жай ғана заң өзгерісі емес, бұл – мемлекет пен халық арасындағы жаңа қоғамдық келісім, мемлекетті қазіргі заман талаптарына, яғни цифрлық дәуірге, технология, экономика және қоғам дамуына бейімдеу. Неліктен жаңа Конституция қажет болды? Реформаның басты мақсаты – саяси жүйені жаңғыртып, ел басқарудағы халықтың рөлін күшейту. Жобаға тек заңгерлер мен саясаткерлер ғана қатысқан жоқ, сонымен қатар көптеген сарапшылар, қоғамдық ұйымдар өкілдері жиналып, арнайы комиссия құрылды. 6 ай бойы жұмыс жүргізілді. Азаматтардан келген мыңдаған ұсыныстар мен өтініштер де ескерілді. Жаңа құжат преамбуладан, 11 бөлімнен, 96 баптан тұрады, – деді С.Женалаева.

Партия өкілі алдағы маңызды тарихи кезеңге қадам басар тұста Ата заңдағы әрбір өзгерісті азаматтардың толық білуі керектігін атап өтті.

– Бұрынғы Конституция Қазақстанның құрылғанына небары 4 жыл болған кезде дайындалды, яғни құжат өтпелі кезеңдегі форматта құрастырылды. Ал енді арада 30 жыл өткен соң жаңартылып отырған Ата заңда халықтың игілігіне басымдық беріледі. Сол үшін Конституция 84 пайыз жаңартылды. Сондықтан сіздерді алдағы референдумда дұрыс таңдау жасауға шақырамыз, – дей келе Н.Смайыл осы заң жобасындағы білім, ғылым, инновация бағытындағы өзгерістерге тоқталды.

Емхана директоры Рүстем Айтбаев спикерлерге алғыс айтып, медицина мен білім саласы қай кезде болмасын елдің мәдени күші екенін алға тартты. Сондықтан әріптестері алдағы саяси науқанда еліміздің ертеңі үшін белсенді болып, таңдау жасауы маңызды екенін жеткізді. Емхана қызметкерлері кейбір баптарға қатысты сұрақтарын қойып, ой-пікірлерін ортаға салды.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРМЕН АШЫҚ ДИАЛОГ

Астана қаласы Сарайшық ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында Конституцияның жаңа жобасына арналған кездесу өтті. «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясы Астана қалалық штабының өкілдері қатысушыларға Ата заңның негізгі ережелері мен өзгерістерін жан-жақты түсіндірді.



Делегация құрамында Астана қаласы мәслихатының депутаты Мадина Әжікенова, Amanat партиясы Астана қалалық филиалы саяси бөлімінің басшысы, ақын-жазушы Әбдіғани Бәзілханұлы, «Ақ жол» партиясының мүшесі Бауыржан Жанғонақов, «Respublica» партиясының мүшесі, фракцияның менеджер-талдаушысы Жақсылық Киікбаев, сондай-ақ «Тұрсын Астана – 2» МИБ төрағасы Қуаныш Оспанов болды. Кездесу барысында қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, толыққанды жауап алды. Іс-шара ашық диалог форматында өтті.

БАСТЫ НОРМАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Астана қаласындағы №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасында ҚР жаңа Конституциясы жобасы бойынша өтетін жалпыұлттық референдум мәселелеріне арналған кездесу өтті. Іс-шараға Мәжіліс депутаттары қатысып, медицина қызметкерлерімен мазмұнды пікір алмасты.

Жиын барысында елімізде жүргізіліп жатқан конституциялық реформаның негізгі бағыттары кеңінен түсіндірілді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған саяси жаңғыру үдерісінің мәні мен маңызына тоқталып, жаңа Конституция жобасының басты нормалары таныстырылды.

Кездесуде бір палаталы Парламентке көшу, адам құқықтары мен бостандықтарының басымдығын күшейту, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру сияқты концептуалдық өзгерістерге ерекше назар аударылды. Бұл бастамалар елдегі демократиялық қағидаттарды нығайтуға және қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенімді арттыруға бағытталғаны атап өтілді.



Сонымен қатар референдумға дайындық барысы, Конституциялық комиссияның жұмысы және қоғаммен ашық талқылау кезеңдері туралы жан-жақты ақпарат берілді. Қызметкерлер қойған сұрақтарға жауап беріліп, олардың ұсыныстары мен пікірлері ортаға салынды.

Кездесу қорытындысында алынған мәліметтер қызметкерлердің алдағы қадамдарын айқындауға және реформалардың мазмұнын терең түсінуге негіз болатыны айтылды. Ал жаңа Конституция бойынша түпкілікті шешім жалпыхалықтық референдумда қабылданады.



КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының өкілдері «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры ұжымымен кездесті.

Іс-шараға театр қызметкерлері, мәдениет пен өнер саласының өкілдері қатысты. Ұйымда барлығы 800-ден астам қызметкер жұмыс істейді. Кездесуде жаңа Конституция жобасының негізгі тұжырымдарын және олардың қоғам үшін практикалық маңызы жан-жақты түсіндірілді. Спикерлер Конституциялық нормалар мәдениеттің стратегиялық маңызын бекітіп, қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттырып, мәдениеттің дамуын ұзақ мерзімді инвестицияға айналдыратынын атап өтті.

Кездесуді қорытындылай келе, қатысушылар арасында пікір алмасу мәдениетті ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен қоғамдық қауіпсіздікті нығайтудағы стратегиялық бағыт ретінде терең түсінуге мүмкіндік берді.

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ТҮСІНДІРІЛДІ

Астанадағы №3 көпбейінді балалар ауруханасында жаңа Конституция жобасын түсіндіруге арналған кездесу өтті.



«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясы Астана қаласы Есіл аудандық филиалының мүшелері қатысушыларға Ата заңның негізгі ережелері мен өзгерістерін жан-жақты түсіндірді. Жоғары санатты гинеколог дәрігер Сұңқар Хангелдина және Астана қаласының Жас сайлаушылар клубының мүшесі Мерхат Жылқыбаев тарихи маңызы бар шешім қабылдауда әр азаматтың белсенділігі маңызды екенін айтты.

– Жаңа Конституцияны қабылдау мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртудың айрықша кезеңі болмақ. Түпкілікті шешімді азаматтар 2026 жылғы 15 наурызда өтетін республикалық референдумда қабылдайды, – деді С.Қосманапқызы.

Жиында жаңа редакциядағы Конституцияның басты ерекшеліктері кеңінен айтылды. Спикерлер алдағы тарихи кезеңге қадам басар тұста Ата заңдағы әрбір өзгерісті азаматтардың толық білуі керектігін атап өтті.

№21 (4919) 21/02/2026 Сенбі



МАҢЫЗДЫ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары елордадағы спорт мекемелері мен жатақханаларды аралауды жалғастырып жатыр. Мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден бастаған бір топ депутат Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Евразия» спорт кешені мен құрылысы аяқталған жатақханамен танысты.

Қалалық мәслихат депутаты Кендебай Адамбектің мәліметінше, Ықылыс Дүкенұлы көшесінде орналасқан спорт кешенде аталмыш университет студенттерімен қатар М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекетттік университеті филиалының студенттері де жаттығады. Жалпы қала жастарына күрестің бірнеше түрінен, футзалдан тегін үйірмелер қызмет көрсетеді.

Ал Бейбітшілік көшесіндегі құрылысы аяқталған колледж оқушыларына арналған заманауи жатақхана 938 орынға шақталған. Ғимаратта оқушылар қауіпсіздігіне жіті көңіл бөлінген. 9 қабатта 180 бейнекамера қойылған.

Әр қабатта екі асхана, кір жуатын бөлме бар. Ал 1-қабатта ақылы асхана, тегін фитнес зал мен акт залы орналасқан. Мұнда ұлдар мен қыздардың қабаттары бір-бірінен бөлек. Аталмыш жатақхана наурыз айында ресми түрде іске қосылады.

ТУРИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Дүниежүзілік гидтер күні қарсаңында елордадағы Президент орталығында гидтер мен экскурсия жүргізушілердің екінші форумы өтті. Іс-шараны Астана қаласының әкімдігі, «Astana Tourism» туризмді дамыту орталығы, Президент орталығы және елордалық гидтер клубы бірлесіп ұйымдастырды.

Екінші жыл қатарынан ұйымдастырылған форум туристік сала мамандарын, мемлекеттік органдар мен бейінді ұйым өкілдерін біріктіріп, тәжірибе алмасуға, экскурсиялық қызметті дамыту мәселелерін талқылауға, туристік сервис сапасын арттыруға және ішкі туризмді ынталандырудың жаңа шешімдерін іздеуге мүмкіндік берді.

Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жаңабаев өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев туризм әлеуетін тиімді пайдалану стратегиялық маңызды міндет әрі мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін бірнеше рет атап өткенін айтты. Оның айтуынша, II Астаналық форум өткен жылғы бастамалардың жалғасы болып, кәсіби өзара іс-қимыл форматын кеңейтті.

Форумға Астана қаласының туристік қауымдастығынан 130-дан астам өкіл, сондай-ақ өңірлік сарапшылар мен халықаралық спикерлер қатысты. Пікірталас барысында экскурсиялық қызметті дамыту, туристік қызмет сапасын арттыру және ішкі туризмді қолдау мәселелері қаралды. Бағдарлама пленарлық отырыс пен тақырыптық панельдік сессияларды қамтыды.

Бірінші панельдік сессияда елордалық гидтер, музей экскурсия жетекшілері және Visit-орталықтар өкілдері өзекті мәселелерді талқылады.

Форум қорытындысы бойынша экскурсиялық саланы одан әрі дамытуға, туристік қызмет сапасын арттыруға және Қазақстанның мәдени-туристік әлеуетін нығайтуға бағытталған ұсынымдар қабылданды.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» мен №93 мектеп-лицейдің ұйымдастыруымен «Жасанды интеллект: дағды, бағыт, болашаққа бағдар» атты республикалық семинар өтті.

Шапағат ӘБДІР

Іс-шараға Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мамандары, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» әдіскерлері, жоғары оқу орындарының ғалымдары, білім беру ұйымдарының басшылары, республика бойынша барлық пән мұғалімдері, сондай-ақ білім беру саласындағы халықаралық және отандық сарапшылар қатысты.

Семинар аясында қазіргі таңда жасанды интеллекттің білім беру жүйесіне енуі – уақыт талабы екенін атап өткен №93 мектеп-лицей директоры Бексұлтан Полатбекұлы бүгінгі білім беру кеңістігі жаңа технологиялармен тығыз байланысты дамып келе жатқанын айта келіп, мұндайда оқушылардың тек білім алып қана қоймай, оны өмірде қолдана алатын дағдыларды меңгеруі аса маңызды екеніне тоқталды.

«Жасанды интеллект мүмкіндіктерін білім беру үдерісіне тиімді енгізу – бүгінгі күннің басты қажеттіліктерінің бірі. Бұл оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық, цифрлық сауаттылық және проблемаларды шешу сияқты XXI ғасыр дағдыларын дамытуға жол ашады. Сондықтан заманауи педагогикалық тәсілдерді жетілдіру – уақыт талабы» деді мектеп директоры.



Сондай-ақ семинар барысында қатысушылар жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі нақты мүмкіндіктеріне кеңінен тоқталды. Атап айтқанда, ЖИ құралдарын оқу үдерісіне енгізу арқылы білім мазмұнын жекелендіру, оқушылардың қабілетіне қарай оқыту және оқу сапасын арттыру жолдары талқыланды. Сонымен қатар педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту, заманауи цифрлық педагогика элементтерін сабақта тиімді қолдану мәселелері назарға алынды.

Бұдан бөлек, оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық және дербес шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаңа оқыту модельдері таныстырылды. Smart Classroom форматындағы тәжірибелер көрсетіліп, интерактивті және деректерге негізделген білім беру ортасын құрудың тиімді тәсілдері ұсынылды.

ОҚУШЫ ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 9-11(12) сынып оқушылары арасындағы Республикалық олимпиада III (қалалық) кезеңінің жеңімпаздары марапатталды. Ғылым мен білімнің дәстүрлі мерекесіне айналған іс-шарада елорданың басты пәндік бәсекесінде үздік нәтиже көрсеткен жас дарындарға құрмет көрсетілді.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Марапаттау рәсімі алдында ЕҰУ-дың кәсіптік бағдар беру бөлімінің меңгерушісі Лаззат Егеубаева талапкерлерге арналған мазмұнды кәсіптік бағдар беру ақпаратын ұсынып, жоғары білім алудың мүмкіндіктері туралы баяндады.

Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев құттықтау сөзін сөйлеп, беріліп жатқан марапат – оқушылардың үлкен еңбегінің нәтижесі екенін атап өтті. Оның айтуынша, мектепішілік, аудандық және қалалық кезеңдерден сүрінбей өтіп, жеңіске жету – табандылық пен алға қойған мақсаттың айқын дәлелі. «Дегенмен бұл соңғы белес емес. Алда тағы да республикалық және халықаралық кезеңдер бар, жас дарындар сол асуларды бағындыруға әбден лайық» деді ол .

Биыл қалалық кезеңге 1961 оқушы қатысқан (2025 жылы – 1709). Оның ішінде 830 оқушы жеңімпаз және жүлдегер атанды. Жүлдегерлердің 410-ы жаратылыстану-математикалық бағытта болса, 420-сы қоғамдық-гуманитарлық бағытта үздік нәтиже көрсетті.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша «Үздік олимпиадалық команда – 2025» дипломымен мамандандырылған мектептер арасында I дәрежелі диплом дарынды ер балаларға арналған «Білім-Инновация» лицейіне табысталды. II дәрежелі диплом №9 «Зерде» мамандандырылған мектеп-лицейіне және дарынды қыз балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернатына бұйырды. Ал жекеменшік білім беру мекемелері арасында I дәрежелі диплом «NURORDA» мектеп-лицейіне берілді. 6 оқушы Тұран-Астана университетінің (3 оқушы) және Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің (3 оқушы) білім гранттарының иегері атанды.

2026 жылдың 25 ақпанында 15:00-де Астана қаласы мәслихатының мәжіліс залында (Бейбітшілік көшесі 11, 220 каб.) көпшілік тыңдаулар өтеді.

КҮН ТӘРТІБІ:

Астана қаласының ішкі саясат басқармасының мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру жөніндегі қызметі және халықты қаланың мемлекеттік органдары мен қызметтерінің жұмысы туралы ақпараттандырудың тиімділігі туралы.

БАЯНДАУШЫЛАР:

Нұрдаулет Иманәліұлы Әлмұханов – «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» басшысы.

Олжас Дәуренұлы Сыдықбек – «ELORDA AQPARAT» ЖШС директоры.

Абзал Манарбекұлы Досыман – «Астана қаласының Коммуникациялар қызметі» КММ директоры.





КӨШБАСШЫ КӘСІПОРЫН КӨККЖИЕГІ

Бүгінде отандық машина жасау саласы өңдеуші өнеркәсіптің негізгі салаларының біріне және елдің индустриялық дамуының тірегіне айналды. Соңғы жылдары бұл сала тұрақты өсім көрсетіп, өнім номенклатурасы кеңеюде, жергіліктендіру деңгейі мен өнеркәсіп кооперациясы дамуда. Атап айтқанда, 2015 жылы өндіріс көлемі 670 млрд теңгені құраса, 2025 жылы ол ең жоғары тарихи деңгейге, яғни 5,7 трлн теңгеге жетіп, 8,5 есе артты. Саланың өңдеуші өнеркәсіп құрылымындағы үлесі 20%-ға жақындады. Осы ретте елдегі ауыр өнеркәсіптің дамуына ауқымды үлес қосып отырған Астана электртехникалық зауыты аталған өндіріс саласында жабдықтар жасауда көшбасшы орыннан табылуда.



Райхан РАХМЕТОВА

Елордада 2009 жылы бар болғаны 9 адаммен негізі қаланған шағын кәсіпорын біртіндеп дамып, бүгінде тек еліміздің ғана емес, шетелдің де нарығында сұранысқа ие, 300-ге жуық кәсіби техникалық білікті маманның басын құраған алып компанияға айналды. Зауыт жұмысы трансформаторлық кіші стансалар, жоғары вольтты тарату құрылғылары, төменгі кернеудегі «шкафтар», релелік қорғаныс және автоматика құрылғыларын өндіруге бағытталған. Номиналды кернеуі 0,4 кВ-тан бастап 110 Кв-қа дейінгі электр құрал-жабдықтары жасалады. Өз ісін жетік білетін тәжірибелі жұмысшылардың арқасында кәсіпорын эксплуатация сипаттамасына сын келтірмей, шығаратын жабдықтарының ұзақ та берік жұмыс істеуіне кепілдік беруімен ерекшеленеді. Сол бірегейлігімен зауыт бүгінге дейін ауыл шаруашылығы, энергетика, жер қойнауын пайдаланушылар және құрылыс компанияларымен арадағы келісімшарт негізінде 3 мыңға жуық жобаны жүзеге асырып, өндіріс өнеркәсібіндегі төрден алған орнын тұрақты бекітті. Астананың оң жағалауында, теміржолға жақын тұста орналасқан зауыт 15 мың шаршы метр аумақты алып жатыр.

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ – ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕПІЛІ

«Астана электртехникалық зауыты» ЖШС атқарушы директоры Бақытжан Омаровтың айтуынша, зауытта жылына 12 млрд теңгенің өнімі өндіріледі, осылайша кәсіпорын Астана қаласының бюджетіне жыл сайын 3-4 млрд теңге табыс түсіріп отыр.

Жобаларды жүзеге асыру бірнеше кезеңнен тұрады. Жобалау, жабдықты дайындау, құрылыс-дәнекерлеу, нысанға жеткізу, дәнекерлеу, іске қосу, пайдалануға беру, сервистік қызмет көрсету кезеңдері бар. Зауыттың өндіріс кешені 8 бөлімді, атап айтқанда, жобалау бөлімі, құрастыру бөлімі, өндіріс-техника бөлімі, токарлық учаске, бояу учаскесі, электр зертханасы, материалдар, дайын және құрамдас бөлік өнімдерінің қоймасы, жинақтау және қаптама учаскесін қамтиды.

– Әрбір жобаға кіріскенде оның өзіндік ерекшеліктерін, әр саланың артықшылықтарын ескеру жұмыста нақтылық деп жылдамдықты қамтамасыз етеді. Жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңінде бірге қолдау білдіре отырып, зауыт тапсырыс берушінің көңілінен шығу үшін барын салады. Тіпті жабдықтарды тапсырып, қолданысқа бергеннен кейін де ынтымақтастығын тоқтатпайды. Себебі компания өз клиенттерімен ұзақмерзімді серіктестік орнатуды көздейді. Сондықтан әр жоба оларға сенім артқан клиенттермен арадағы берік байланыстың өзегі саналады, – дейді Бақытжан Құралұлы.

Ауыл шаруашылығы саласында 5 шаруа қожалығымен жұмыс істейді. Қала инфрақұрылымы бойынша зауыттың электр жабдықтары BI Group инновациялық құрылыс холдингінің 80 нысанында орнатылған. Сонымен қатар тұрғын үй салатын 10 ірі құрылыс компаниясымен ынтымақтастық жолға қойылған. Қазір Астананың сол жағалауында салынып жатқан тұрғын үйлердің 60 пайыздан астамында осы зауыттың электртехникалық өнімдері қойылған. Компания сондай-ақ жоғары технологиялы жабдықтар ұсына отырып, жер қойнауын пайдаланушы тау-кен өндіру саласына да дендеп енген, ынтымақтастығы берік қалыптасқан клиент компаниялар ішінде «Қазақмыс» АҚ, «ERG» халықаралық компаниялар тобы, «Qarmet» АҚ сияқты 15-ке жуық ірі кәсіпорын бар. Ішкі нарықта тұрақты орнын тапқан кәсіпорын бүгінде өз өнімдерін Өзбекстан, Қырғызстанға да шығаруда.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ОРДАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеру үшін былтырғы жылды ерекше атаумен белгілеп, қарапайым еңбек адамының беделін арттыруға назар аударды. Бұл аталған зауыттың қызметкерлері үшін өте жағымды әсер қалдырды. Себебі мұнда персоналдың басым бөлігі – қарапайым жұмысшы мамандықтарының 30 шақты түрі бойынша еңбек ететін мамандар, олардың 90 пайызы – елордалықтар. Арасында өзге өңірлерден келіп-кетіп жұмыс істейтіндері де бар, оларға 30 орындық жатақхана салынған. Еңбек жағдайы толық жасалған, жұмысшыларға 3 мезгіл тегін тамақ, зиянды еңбек жағдайындағы мамандарға сүт, айран, еңбек демалысына қосымша күн беріледі. Зауыт жұмысы 5 күндік, таңертең 8:00-ден кешкі 17:00-ге дейін созылады.

– Зауыт шағын құраммен қазіргі бас директорымыз Асқар Сыздықовтың бастамасымен 17 жыл бұрын іргесін қалағанмен, бүгінгі атаумен үлкен зауыт ретінде 2012 жылы 4 сәуірде құрылды. Биыл осылайша ресми зауыт ретінде тарихымыздың 14-жылына аяқ басамыз. Мен сол жылы қарапайым инженер болып жұмысқа келіп, қазір атқарушы директор қызметіне дейін көтерілдім, – дейді Б.Омаров.

ҒЫЛЫМИ ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ

Зауыт еліміздің және Астананың білім саласы мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Кәсіпорын қазір 3 ЖОО және 3 колледжбен өзара меморандум арқылы байланыс орнатқан. Сол оқу орындарындағы доценттер, академиктер, ғалымдар ғылыми жобаларын жүз пайыз іске асыру үшін тәжірибе алаңы ретінде осы зауытқа келеді. Жоба толық аяқталған соң, оны зауытта өндіріске қосу да тиімділігін береді.

– Астана қалалық Білім басқармасымен өзара жұмыс бойынша кәсіптік-техникалық мамандықтарға грант бөлуде, білім бағдарламасын әзірлеуде комиссия құрамында бармын. Студенттер осында келіп тәжірибеден өтеді, диплом жазады. Комиссия мүшесі ретінде олардың жұмысын қабылдаймын, – дейді Б.Құралұлы.

ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДАР ЖЕТІСПЕЙДІ

Зауыттағы ең өзекті мәселелердің бірі – кәсіптік-техникалық мамандар жетіспеушілігі. Ең өкініштісі – қазіргі жастардың бұл салаға ден қоймауы. 3-4 жыл бұрын Б.Құралұлы Білім басқармасы, Оқу-ағарту министрлігіне табандылықпен өзі ұсыныс етіп, осындай мамандықтарға грант санын көбейтуге атсалысқан еді. Бірақ сол еңбегі ақталмай, жастар бұл салаларды таңдамай, гранттар орны толмай қалған.

– Біздің зауытқа қазір жақсы конструкторлар, жақсы жобалаушылар, инженерлер, реле, іске қосушы мамандар, токарьлар, дәнекерлеушілер аса қажет. Сондай мамандар бойынша 15 жұмысшы орны бос тұр. Қазір ақпараттық дәуірде жастар жан-жағына алаңдап, мұндай салаға келгісі келмейді. Бәрі экономист, заңгер, қаржыгер немесе бірден бастық болғысы келеді. Білім беру саласындағы комиссия құрамында жүріп байқағаным, колледждерде кәсіптік бағытта оқып жүрген балалардың 80 пайызы тек диплом үшін жүр. Мектепте де математика мен физиканы оқығысы келетін балалар аз. Қазір зауытта сондай мамандардың бұрыннан қалған соңғы буыны істеп жатыр. Ал олардың орнын басар мықты мамандар әзірге жетіспей тұр, – деп налиды сала маманы.

Екінші мәселе – тапсырыс берушілердің жасалған жұмыстың ақысын тапсырғаннан кейін де тым созбақтатып, беріп болмауы. Алдын ала төлемге жоба құнының 30 пайызын береді, сосын қалғанын сыздықтатып, бөліп-бөліп әрең ұсынады.

– Бұл біздің қаржы жағдайымызға үлкен қиындық келтіреді. Тапсырыс көлемінің 20 пайызы біздің көрсететін қызметіміз болса, қалған 80 пайызы жабдықтар алуға кетеді. Сондықтан келесі тапсырыс үшін ақшаны несиеге аламыз да, ал банктер несиені өте жоғары үстеме пайызбен беретіндіктен шығынға батамыз. Кешіктіріп берген қаржыны инфляция жеп қойып отыр, – дейді Б.Омаров.

Зауыт өнімдерін жасауға шикізаттың 60 пайызын отандық кәсіпорындардан, қалғанын шетелден, соның ішінде, негізінен, Ресей мен Қытайдан, арасында Түркия мен Еуропа елдерінен алады. Кезінде жұмысты бастаған кезде отандық шикізат өнімінің үлесі 30 пайыз ғана болған, жыл өткен сайын оның үлесі артып келеді.

ФОРУМНАН КҮТЕР ҮМІТ КӨП

Биыл 2-3 сәуірде Астанада Қазақстан машина жасаушыларының кезекті форумы өтеді. «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ мүшелігінде бар Астана электртехникалық зауыты сияқты елдегі көптеген кәсіпорын осындай ірі диалог алаңдарында өз жетістіктері туралы есеп беріп, мәселелерін де ортаға салады. Биыл бұл форум XIII рет ұйымдастырылмақ.

«Форум – мемлекет пен бизнес арасындағы диалогтың басты алаңы, сондықтан саланы одан әрі дамыту және оның бәсекеге қабілетін арттыру бойынша нақты ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеуде біздің де жағдайымыз ескеріледі деген үміт бар» дейді зауыт өкілі.

Басқосуда өнеркәсіп кооперациясы мен жергіліктендіруді дамыту, еңбек өнімін арттыру мақсатында роботтандыру мен цифрлық технологияларды енгізу, мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру, экспорт әлеуетін кеңейту, Қазақстанның инвестиция әлеуеті және машина жасау саласын дамытудағы шетелдік серіктестердің рөлі, кадр саясаты және машина жасау саласы үшін мамандар даярлау мәселелері көтерілгелі отыр.



Мемлекет тарапынан шағын және орта бизнеске көрсетілетін қолдауды бұл зауыт та көруде. Атап айтқанда, төмен пайызбен және қайтарымсыз несие алады. Айтылған қиындықтарға қарамастан жұмысын жалғастырып, елорда халқын жұмыспен қамтып, қала бюджетіне экономикалық тұрғыда тиімділігін көрсетіп отырған зауыт өз ісіне шын берілген кәсіби білікті мамандардың арқасында еліміздің ауыр өнеркәсіп саласындағы дамуына өзіндік қарқын қосып келеді.



№21 (4919) 21/02/2026 Сенбі

ОҚУШЫ ТЕЛЕФОННАН ТОЛЫҚ ТЫЙЫЛА МА?



Елімізде оқушыларға телефон ұстауға толықтай тыйым салынбақ. Тиісті түзету Педагог мәртебесі мен білім беру мәселелері жөніндегі заң жобасында қамтылды. Бұған дейін оқушылардың смартфон пайдалануына шектеу туралы заң 2024 жылы енгізілді. Оған сәйкес, бүгінде әр мектеп әкімшілігі оқушыларға қандай жағдайда смартфон ұстауға болатынын өз бетінше шешеді. Ендігі кезекте талап қатаң әрі барлық орта білім беру ұйымына бірдей болмақ. Бұл өзгеріс оқу үлгерімін қаншалықты жақсарта алады?

«СМАРТФОНСЫЗ МЕКТЕПТЕР» КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Заң жобасына сәйкес, қазіргі норма алынып тасталып, оқушылардың гаджеттерді пайдалану құқығын шешу құзыреті білім беру саласындағы уәкілетті органға берілуі ықтимал. Бұл Оқу-ағарту министрлігі немесе өңірлік білім басқармалары болуы мүмкін. Негіздемеде ұялы байланыстың абонент құрылғысын пайдалануға тыйым салуды тек оқу уақытында ғана емес, өзгерістер кезінде де қолдану кибербуллинг пен деструктивті контент тәуекелдерін азайтуға, мектептердегі тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтуға, білім алушылардың жанды қарым-қатынас және әлеуметтену деңгейін арттыруға, сондай-ақ салауатты білім беру ортасын қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіні айтылған. Бұл бағытта Астананың бірқатар мектебінде «Смартфонсыз мектеп» жобасы қолға алынды. Елордалық Білім басқармасының мәліметіне сәйкес, қала мектептерінде 2021 жылдан бастап «Смартфонсыз мектеп» жобасы мемлекеттік білім ордаларына тәжірибе ретінде енгізілді.

– Жоба білім сапасын арттырып, оқушылардың ойлау қабілеті мен психологиялық денсаулығына оң әсер етуге бағытталады. Қала мектептерінің шамамен 40 пайызында оқушылар сабақ барысында телефон қолданудан бас тартқан. Бұл көрсеткіш алдағы уақытта да ұлғая түседі, – делінген қалалық Білім басқармасының мәліметінде.

«Смартфонсыз мектеп» жобасы бойынша оқушылардың ұялы телефондары арнайы жеке сөрелер мен ағаштан жасалған қораптарда тұрады. Бұл қораптарды оқушылар технология пәнінде өздері қолдаған жасаған. Осы жобаны 2023-2024 оқу жылынан бастап Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназия жүргізіп келеді. Мектеп директоры Айгүл Қашаеваның айтуынша, жоба нәтижесінде мектептің тәрбие және білім беру ортасы жетіле түсті.

– Қазіргі цифрлық дәуірде балалар бір-бірімен араласып, сөйлеспей, смартфон мен түрлі гаджетке үңіліп отыратынын жиі байқаймыз. Смартфонды шектен тыс қолдану кейде оқушылардың денсаулығына, әсіресе көру қабілеті мен психологиялық күйіне, тиісінше бұл оқу үлгеріміне кері әсер ететіні анық. Сол себепті жобамыз қысқа уақыт ішінде оқу-тәрбие жүйесінде айтарлықтай оң нәтижесін көрсетіп, сабақтағы тәртіп пен оқу белсенділігі біршама жақсарғанын байқауға болады. Сабақтағы тәртіп жақсарып, оқушылардың оқу мотивациясы артты, сондай-ақ олардың бір-бірімен еркін сөйлесуі, «8 минуттық оқу» жобасы бойынша кітап оқу, асық, ләңгі, дойбы секілді спорт түрлерімен жиі айналысу көбейе бастады, – деді А.Оңдағанқызы.

Десе де, мектеп директоры телефоннан мүлде бас тарту қиын екенін алға тартты. Спикердің сөзінше, бүгінде жасанды интеллект мүмкіндігін пайдаланып сабақ өтетін педагогтар көп. Осы мақсатта сабақтың белгілі бір кезеңінде смартфон қажет.

– Ал үзіліс уақытында шектеу қоя алмаймыз. Өйткені ата-анасымен хабарласуға немесе асханаға барар кезде қажет болады. Бірақ барынша үзіліс уақытында да телефонға үңілмеуі үшін танымдық, спорттық іс-шаралар ұйымдастыруға баса мән береміз, – деді басшы.

БАЛАНЫ ШЕКТЕМЕЙ, ТӘРБИЕЛЕУ ҚАЖЕТ

Әлемдегі дамыған елдердің біразы мектепте телефон қолдануға шектеу салып келеді. Мәселен, Италияда 2017 жылдан бері балабақшадан орта мектепке дейін сабақ кезінде және оқу мақсатымен де тыйым салынған. Мажарстанда 2024 жылдың қыркүйек айынан бері мектептерде толық тыйым салса, биылдан бастап Оңтүстік Кореяда толықтай шектеу енгізілді. Испания, Ирландия, Швецияда соңғы жылдары мектептерде смартфонға тыйым күшейген. Бас қаланың Ы.Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназияның психологы Гүлнұр Аралбаева шетелдік мұндай тәжірибе еліміз үшін қажет деп санайды.

Бірақ бұл тәжірибені енгізгенде, балалардың цифрлы дағдысын дамыту үшін баламалы әдістер мен бағдарламалар қарастырылуы керек, – деп ой бөлісті психолог.

Ал І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназия директоры Ақмоншақ Нұртаза толықтай тыйым салу бұл мәселенің шешімі емес, тек оны уақытша бүркемелеу деген пікірде.

– Гуманды педагогика құндылықтарын ұстанатын басшы ретінде мен балаға таңдау беруді қолдаймын. Біз баланы «шектеу» арқылы емес, «тәрбиелеу» арқылы оның технологияға деген көзқарасын реттей аламыз. Егер біз мектеп қабырғасында баланы өздігінен шешім қабылдауға баулымасақ, ол ертеңгі күні еркін өмірде технологияның тетігін дұрыс баса алмай қалуы мүмкін. Әлемнің дамыған елдері гаджеттерді шектеп, классикалық қолмен жазу мен кітап оқуға қайта оралып жатқаны – ғылыми негізделген үрдіс. Мұндайда классикалық дағды мен технология біріктіретін «цифрлық гигигена» принципін ұстау маңызды. Мектеп бала үшін ең алдымен қауіпсіз орта болуы тиіс. Иә, бейнебақылау камералары бар, бірақ баланың жеке қауіпсіздік сезімі үшін ата-анасымен байланыста болуы өте маңызды. Біз осы тепе-теңдікті табу үшін мектебімізде арнайы жүйе енгіздік. Оқушылар сыныпқа кіргенде өздерінің тобы мен орындық нөмірі белгіленген арнайы қалташаларға телефонын салып қояды. Бұл әдіс арқылы ұстаз кімнің телефон тапсырмағанын ешқандай артық қимылсыз-ақ көре алады. Оқыс жағдайда немесе сабаққа қажет болған сәтте бала өз телефонын бірден ала алады. Мектеп директоры ретінде айтарым, біз баланың қажетін түсініп, олармен бір толқында болуымыз керек. Бұл – тек тәртіп қана емес, өзара сенім мен ынтымақ орнату жолы, – деді А.Нұртаза.

– Мұндай шектеу балалардың телефонға тәуелділігін азайтып, білім алуға, ойын-сауық және шығармашылық іс-әрекеттерге көбірек уақыт бөлуіне мүмкіндік береді. Мысалы, оқушылар қолы қалт ете қалса телефонды қолға алып, түрлі ойын ойнай бастайды, бір-бірімен онлайн-ойындар арқылы ғана қарым-қатынас құрады. Мен қызмет жасап жүрген мектептің өзінде диагностикалар нәтижесі көңіл көншітпейді. «Интернетке тәуелділік» сауалнамасының статистикасына сүйенсек, 1000 оқушының ішінде кемінде 10 оқушыда тәуелділік байқалады.

P.S: ***Иә, смартфонға көп үңілетін буынның қатарластарын кемсітіп, қажетсіз ақпараттың жетегіне кетіп, арты қайғылы жағдайға ұласып жатқаны азаймай тұр. Алайда мектеп қабырғасында тыйылмай жатқан буллинг көбіне бейнебақылау камералары арқылы емес, ұялы телефонмен дәлелденіп, келеңсіз жайттың орын алғаны мәлім болуда. Осындайда баланың зейінін арттырумен қатар, қауіпсіз ортада жүруі әсіресе маңызды.***

Бетті дайындаған **Индира БЕРЖАНОВА**

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ МЕН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ТОҒЫСТЫРДЫ

Елордадағы №61 «Шолпан» балабақшасында ерекше қажеттілігі бар балалар арасында «Сәулелі тастар» атты қалалық жарыс өтті. Сайыс «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығымен бірлесе ұйымдастырылды.

Ұғни мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту және ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру мақсатында өтті. Барлығы 20-ға жуық бала қатысып, «Бестемше» ұлттық ойыны бойынша сайысқа түсті. №61 «Шолпан» балабақшасында «Бестемше» ұлттық ойыны авторлық бағдарлама ретінде ұсынылып, балалардың қызығушылығын тудырған еді. Кейін «Сәулелі тастар» атауымен ойынның бейімделген формасы енгізілді. «Сәулелі тастар» ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы екі қазан, он отау және елу тастан тұрады. Тастар әр отауға бес-бестен салынады. Ойын барысында балалар сәулелі тастарды санау, түстеріне қарай ажырату және рет-ретімен орналастыру тапсырмаларын орындайды. Бұл әрекеттер баланың зейінін шоғырландырып, моторикасын дамытуға бағытталады.

Ұлттық жарысқа арнайы қатысқан Астана қаласының Бала құқықтары жөніндегі уәкілі Әсима Бимендина мен «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының басшысы Жанар Бейсенбаева аталмыш ойынның маңызына тоқталды.

– Ерекше қажеттіліктері бар балалар өз құрбы-құрдастарымен тең деңгейде білім алуға құқылы. Әр балаға қоғамға пайда келтіруге және оның толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік беру – инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты. Осы ретте бас қала балабақшаларының бағдарламасына «Бестемше» ойыны енгізілді. Бүгінде аталмыш бағдарламаның жүзеге асып жатқанына бір жылдан асты. Бұл – ұлттық тәрбие мен инклюзивті білім беруді үйлестіретін тиімді тәжірибе, – деді өз сөзінде Ә.Бимендина.

Қорытынды кезеңде топ жарған балалар жүлделі орындармен марапатталып, бүлдіршіндерге арнайы дипломдар табысталды.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕС

Астана қаласының әкімдігі қалалық Полиция департаментімен бірлесіп, Есіл ауданы полиция басқармасының базасында білім беру ұйымдарының басшыларымен маңызды кеңес өткізді. Жиын кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталды.



Кеңеске Ішкі істер министрлігінің өкілдері, Астана қаласы Полиция департаменті, қалалық Білім басқармасы, ақпараттық қауіпсіздік саласының сарапшылары, сондай-ақ елорда мектептері мен колледждерінің басшылары қатысты.

Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыұлы өз сөзінде балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында мемлекеттік органдар арасындағы жүйелі әрі үйлесімді өзара іс-қимылдың маңызын айтты.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу тақырыбында негізгі баяндаманы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитеті Ювеналдық полиция басқармасының бастығы Әсет Оспанов жасады. Ол жасөспірімдер қылмысының қазіргі ахуалына талдау жасап, оның туындау себептерін атап өтті. Сонымен қатар білім беру ортасында ерте профилактикалық жұмыстарды күшейтудің қажеттілігіне ерекше назар аударды.

Астана қаласы Полиция департаменті бастығының орынбасары Ержан Әділбеков сөз сөйлеп, елордада кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында жүзеге асырылып жатқан нақты шаралармен таныстырды.

Кеңес барысында ақпараттық қауіпсіздік мәселелері де кеңінен қамтылды. «KazDream» IT-holding компаниясының сарапшысы Александр Антипин жастарға теріс интернет-контенттің әсері туралы баяндап, цифрлық платформалар арқылы жасөспірімдердің деструктивті қауымдастықтарға тартылу қаупі артып келе жатқанын атап өтті.

Жиын қорытындысында қатысушылар өзекті мәселелер бойынша пікір алмасып, білім беру ұйымдарындағы профилактикалық жұмысты күшейтуге бағытталған бірқатар нақты ұсынысын ортаға салды. Іс-шара соңында кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ведомствоаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту, тәрбие жұмысын жүйелеу және заманауи профилактикалық тетіктерді енгізу қажеттігі атап өтілді.

СТУДЕНТТЕРГЕ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Астана қаласы Алматы ауданының прокуратурасы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру аясында 300-ден астам студентті қамтыған ауқымды дәріс ұйымдастырды. Аудан прокуроры Нұрлан Тойшыбеков жас буынның қоғамдағы жауапкершілігіне ерекше тоқталды.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

– Дәріс жастар заңды жақсы білу мақсатында ұйымдастырылып отыр. Сонымен қатар буллингтің алдын алу және кәмелетке толмағандар арасында суицидтің өсуі сияқты өзекті мәселелер назардан тыс қалмады. Құқық қорғау органдары тарапынан атқарылып жатқан алдын алу шаралары туралы ақпарат беріліп, жастарға психологиялық қолдау тетіктері түсіндірілді, – деді Нұрлан Тойшыбеков.

Іс-шараға пауэрлифтингтен спорт шебері, Гиннесстің рекордтар кітабына енген рекордшы, аудандық полиция бөлімшесінің басшысы Бауыржан Камалиев қатысып, табысқа жетудің басты шарты еңбекқорлық пен тәртіп екенін жеткізді. Сондай-ақ жасөспірімдерді зиянды әрекеттерден аулақ болуға, салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. Дәріс барысында қылмыстық алаяқтық схемаларға тартылу қаупі кеңінен талқыланды. Студенттерге профилактикалық бейнероликтер көрсетіліп, жеңіл ақша табу мақсатында өз банк дерегін үшінші тұлғаға беру немесе сырт көзге зиянсыз көрінетін бөгде есепшоттарға қаражат аудару әрекетінің ауыр құқықтық салдары түсіндірілді. Құқық қорғау органдарының өкілдері мұндай әрекеттер 16 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін екенін ескертті. Кездесу еркін форматта өтіп, студенттер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды. Ал ұйымдастырушылар мұндай іс-шаралар жас ұрпақты саналы әрі жауапты азамат тәрбиелеуге ықпал ететінін айтты.

ЖАСӨСПІРІМ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҒЫ НЕГЕ ҚАУІПТІ?

Қазақстанда қолданыстағы заңнамаға сәйкес балаларды тәрбиелеу, оқыту және олардың мінез-құлқына қатысты негізгі жауапкершілік ата-аналар мен өзге де заңды өкілдерге жүктелген. Жасөспірімнің өмір салтына немқұрайлы қарау, бақылаудың әлсіреуі және ата-аналық міндеттердің тиісінше орындалмауы заңға қайшы әрекеттерге алып келуі мүмкін. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы Сарыарқа ауданы прокуратурасы бөлімінің басшысы Тархан Закарин мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, балаларды тәрбиелеу міндеттерін орындамау немесе тиісінше орындамау фактілері үшін ата-аналар Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Тәртіпті жүйелі түрде бұзу, оқудан жалтару немесе қоғамға қарсы әрекеттер жасау деректері анықталған жағдайда, кәмелетке толмағандар мектепішілік есепке және ювеналдық полицияның аумақтық бөлімшелерінің есебіне қойылады. Жасөспірімдермен және олардың заңды өкілдерімен жеке профилактикалық жұмыс жүргізіледі. Бұл қатарда жеке әңгімелесу, әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу, тұрмыс жағдайын және сабаққа қатысуын бақылау шаралары жүзеге асырылады. Олардың мақсаты – құқық бұзушылықтардың алдын алу және баланың әлеуметтік бейімделуін қалпына келтіру.

2025 жылдың 12 айында Астана қаласының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты полиция органдарының кәмелетке толмағандарды арнайы білім беру ұйымдарына орналастыру туралы 11 азаматтық ісін қарады. Оның 6-уы бойынша талап-арыз қанағаттандырылды.

Бұл саладағы мемлекеттік саясат, ең алдымен, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғауға және оларды әлеуметтік оңалтуға бағытталған. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын алу және оларды арнайы білім беру ұйымдарына жіберуге жол бермеу мәселесі – прокуратура органдарының ерекше бақылауында.

«Прокуратура органдары ата-аналарды балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуге, туындаған мәселелерге дер кезінде әрекет етуге және білім беру мекемелері мен құқық қорғау органдарымен кәмелетке толмағандардың мүддесі үшін тығыз байланыста жұмыс істеуге шақырады» деді спикер.

КЕШЕНДІ ЖОСПАР АЯСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР

Елордада «Заң мен тәртіп» қағидаты және «Астана – есірткісіз қала» кешенді жоспары аясында «Esirtkisiz elorda» жобасы жүзеге асып келеді. Негізгі мақсаты – жастар арасында есірткі тұтынудың алдын алу, салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру және тәуекелдердің алдын алудың тұрақты жүйесін құру. Бұл туралы елорданың коммуникациялар қызметінде өткен брифингте қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев, Астана қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім бастығы, полиция подполковнигі Әлия Қибатқызы мәлім етті.

Спикерлердің айтуынша, жоба мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың және жалпы қоғамның күш-жігерін біріктіреді. Жұмыс бірнеше бағытта жүзеге асады. Олардың қатарында ақпараттық науқан, цифрлық мониторинг, профилактикалық кездесулер, ведомствоаралық тығыз байланыс бар.



Басым бағыттардың бірі – интернет кеңістігінде және әлеуметтік желілерде белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Тыйым салынған заттарды тарататын Telegram топтар мен интернет-ресурстарды анықтау және бұғаттауға ерекше назар аударылады. Бір мың интернет-сілтемеге жүргізілген мониторинг нәтижесінде есірткі жарнамасының белгілері анықталған 34 сілтеме техникалық талаптарға сәйкес бұғатталды.

«Жастар арасында тұрақты есірткіге қарсы ұстанымды қалыптастыру мақсатында ауқымды медиаконтент әзірленіп, таратылды: вирустық бейнероликтер, подкасттар және танымал тұлғалар, блогерлер мен қоғам белсенділерінің қатысуымен әлеуметтік бейнесюжеттер дайындалған. Жастар аудиториясы арасында кең танымал «Jauap» подкасты іске қосылды. Есепті кезеңде 6 шығарылымы түсірілді. Қонақтар қатарында құқық қорғау органдарының өкілдері, қоғам қайраткерлері, деректі фильм авторлары мен блогерлер болды, олардың ішінде Нұргелді Кердеш, Айтым Жақыпов, Шертім Нұрдәулет, Айжан Талғатқызы, Сергей Ильиных, Ринат Балғабаев, Әлібек Ермағамбетов, Дана Нұржігіт және Әлия Әлкенқызы бар. Ақпараттық науқан аясында есірткіге қарсы бағыттағы 5 деректі фильм жарық көрді: «Кайфтың арғы жағы», «Профилактика», «Аналардың көз жасы», «Рехаб 1, 2». Аталған фильмдер есірткі тұтынудың құқықтық және әлеуметтік салдарын ашып көрсетеді. Әлеуметтік желіде жастардың есірткіге қарсы көзқарасын нығайтуға бағытталған қосымша 40 тақырыптық бейнеролик жарияланды. «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығында блогер Нұргелді Кердештің қатысуымен өткен әлеуметтік эксперимент 12 мың қаралым жинап, интернет кеңістігінде белсенді талқылау туғызды. Сондай-ақ есірткінің зияны туралы бейнероликтердің біріне актер Төлепберген Байсақалов қатысып, бейнероликтің қаралымы 25 мыңға жетті» дейді спикерлер.

Елорданың мектептерінде, колледждері мен жоғары оқу орындарында түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізіліп келеді. Наркопсихологтардың қатысуымен 200 тақырыптық кездесу және семинар-тренинг өтіп, 3,5 мыңнан астам адам қамтылды. Maqsut Narikpaev University-де имитациялық сот процесі ұйымдастырылды. Оның аясында қатысушылар нақты қылмыстық істі прокурор, адвокат, куәгер және судья рөлінде қарастырды. Мұндай формат жастарға психобелсенді заттарды қолданудың құқықтық және әлеуметтік салдарын тәжірибе жүзінде түсінуге, сондай-ақ құқықтық сауаттылық деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ ҚОЙЫЛЫМ

Бас қалада Нұра ауданының прокуратурасы «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру аясында аудан мектептерінің 11-сынып оқушылары мен кәсіби-техникалық колледждердің 1-2-курс студенттері үшін «Есірткі қылмыстарының алдын алу» тақырыбында профилактика мақсатымен театрлық қойылым ұйымдастырды.

Аталған іс-шараға 700-ден астам жасөспірім қатысты. Негізгі мақсат – өскелең ұрпаққа өмір жолын саналы түрде таңдаудың маңызын, заң талаптарын сақтаудың қажеттілігін және құқық бұзушылықтарға жол бермеудің мәнін жеткізу.

Көркем қойылым арқылы көрермендерге моральдық таңдау жағдайы көрсетіліп, ойланбай қабылданған шешімдердің салдары айқын бейнеленді. Спектакль тек мәдени іс-шара ғана емес, сонымен қатар жастармен ашық диалог алаңына айналды. Қойылым жастар арасында шынайы қызығушылық пен әсерлі эмоция тудырды.

Ұйымдастырушылар осындай профилактикалық іс-шаралар жасөспірімдердің құқықтық санасын нығайтып, тұрақты өмірлік құндылықтарын қалыптастыруға ықпал ететінін айтады.

№21 (4919) 21/02/2026 Сенбі





ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ТІЛІН ТҮГЕНДЕГЕН

БІРІНШІ БҮКІЛОДАҚТЫҚ ТҮРКОЛОГИЯ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ӨТКЕНІНЕ БІР ҒАСЫР ТОЛДЫ

Түрік текті халықтардың ынтымағын, рухани-мәдени бірлігін нығайтуда тілдің алатын орны айрықша. Шыққан тегі бір туысқан халықтардың бір-біріне жақын немесе жат болуына олардың тілдерінің қай бағытта дамығаны да тікелей ықпал етеді. Тіл таным мен қарым-қатынас құралы болғандықтан, олардың арасындағы айырмашылықтар ұлғайған кезде сол тілде сөйлеушілердің таным-түсінігінде өзгерістер пайда болып, қарым-қатынасы мен түсінісуі де қиындай түседі.

Сондықтан түркі халықтарының алдында ғылым-білім, экономика және басқа да салалардағы ынтымақтастықты нығайту үшін тілдік байланыстарымызды күшейтіп, түрік тілдерін жақындастыру мен жалпытүріктік мұраларымызды бірлесе іске жарату, ортақ сөздік қорымызды молайту міндеті тұр. Бұл істе де біздің түрік жұртының тірек етіп алар негіздері де, тарихи бастаулары да бар. Түрік тілдерін түлетуді көздеген алқалы жиын, келелі кеңестер де болды. Солардың қатарына 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының бірінші съезі мен 1926 жылы Баку қаласында өткен Бірінші бүкілодақтық түркология құрылтайын жатқызуға болады. Алғашқысында қазақ тілінің мәселелері жан-жақты сөз болса, екіншісінде бүкіл түркі жұртының тілдерін дамыту жайы кеңінен талқыланды. Бұған себеп болған мүмкіндік берген советтік тіл саясатындағы жылымық еді.

1923 жылдың 17-25 сәуірі аралығында Мәскеуде ВКП (б)-ның XII съезі өтті. Осы съезде көсем И.Сталин: «Совет үкіметі бізде тек орыстікі ғана болмай, ұлтаралық болуы үшін, Совет үкіметі республикаларда түсінікті әрі өзінікіндей болуы үшін барлық шаралар қолданылсын. Ол үшін тек мектептер ғана емес, барлық мекемелер, барлық партиялық, советтік органдар да, қадам басқан сайын ұлттандырылып, олар бұқараға түсінікті тілде, сол халықтың тұрмыс жағдайына сай қызмет етсін» деді.

XII съезд өте салысымен, 1920-1930 жылдары Совет Одағында «коренизация» саясаты жүзеге аса бастады. Қазақ тіл білімінің, түркітанудың тарихында айрықша орны бар жоғарыда аталған екі съезд дәл осы кезеңде қазақтандыру (коренизация) алғашқы жылдарында өткен еді. «Коренизация» саясаты Қазақ АССР-ында «қазақтандыру» деген атпен жүргізілді. Бірақ көп ұзамай-ақ коренизация саясатының бағыты қайтадан ұлтсыздандыруға, орыстандыруға бет бұрды. Ал советтік билік біртұтас империяның барлық ұлттарын бір тілде сөйлейтін, орыстілді совет халқын қалыптастыру бағытын таңдады. Барлық ұлттық республикаларда жергілікті ұлттық кадрлар сынға алынып, қуғынға ұшырай бастады. Қазақстанда 1926 жылы қазақтың көрнекті мемлекет қайраткерлері Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев «ұлтшыл», «ұлтшылдарды қолдаушы» ретінде қатаң айыпталды. 1929 жылы Алаш зиялылары А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов тұтқындалды. Осылай жалғаса келіп, 1937-38 жылдары ұлттың бүкіл басқарушы элитасы мен зиялылары атылып, жер айдалып, қуғын-сүргін құрбаны болды. Алайда осы аз уақытта олар жанкештілікпен еңбек етіп, қыруар іс бітірді: ұлт мектебінің, ұлттық ғылымның, ұлт баспасөзі мен театрының, әдебиетінің, әдеби тілі мен ғылым тілінің негізін қалап кетті.

Совет Одағы ыдыраған 90-жылдардың басынан бастап түрік халықтары ортақ әліпби, жалпытүрік терминология қорын қалыптастыру мәселесін қайта көтеріп, түріктанушылар, түрлі сала ғалымдары жиі бас қосып, ғылыми, мәдени ынтымақтастықты тереңдете түсу қажеттігін сөз етіп келеді. Мұндай іске кіріскенде ең алдымен түркітанудағы осыған дейінгі ғылыми ізденістер, зерттеулер мен отандық, халықаралық тәжірибе сөзсіз ескерілуі керек. Бұл тұрғыдан келгенде, түркітанушылардың өткен ғасыр басындағы атқарған істері мен ізденістері ерекше назар аударуды қажет етеді. Сондықтан жалпытүрік терминқорын қалыптастыру мәселесін сөз еткенде біз сол кезең тәжірибесі мен ізденістерін ескерусіз қалдыра алмаймыз.

XX ғасыр басында түркітану бағытындағы ғылыми ізденістер жанданып, жалпытүрік әдеби тілін, түрік әліпбиін, түрік халықтарына ортақ терминқор қалыптастыру мәселелері, түрік тілдерін оқытудың әдістемесі зерттеле бастады. Пән оқулықтары жазылып, терминология сөздіктері жарық көрді, терминология жұмыстарын жүргізетін құрылымдар пайда болды. Түрік текті халықтардың өз республикаларында атқарған істерінің алғашқы тәжірибелері мен зерттеулерінің нәтижелері 1926 жылы ақпан айының соңында Бакуде өткен Бірінші бүкілодақтық түркология құрылтайында ортаға салынды. Құрылтайға Қазақстаннан 5 делегат қатысты. Олар: Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омаров, Біләл Сүлеев, Нәзір Төреқұлов, Әзиз Бай-Сейдуали. Құрылтайға Н.Төреқұлов Мәскеуден, өзгелері Қызылордадан барды. Бұл, аты айтып тұрғандай, бүкіл белгілі ғалымдардың, ең көрнекті түркітанушылардың басын қосқан шын мәніндегі бірінші ғылыми жиын еді. Негізінен, түрік халықтарының тілі мен мәдени жаңғыруына арналған осы мәртебелі ғылыми жиында терминология мәселесі арнайы сөз болды. Онда сөйленген сөздер мен жасалған баяндамаларда әзербайжан, қазақ, түрік, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, Қырым татарлары тілдерінің терминологиясы, ғылым тілінің жай-күйі жан-жақты қарастырылды. Съездің 2 наурыз күнгі 8-інші және 9-отырыстарында түрік терминологиясының мәселелері арнайы сөз болды. Белгілі түрколог ғалымдар А.Р.Зифельдт-Симумяги (Баку), Б.В.Чобан-заде (Баку), Х.Б.Зейналлы (Баку), Х.А.Одабаш (Симферополь), А.Байтұрсынұлы (Қазақстан), Г.К.Максудов (Татарстан) баяндама жасады. Б.Сүлеев (Қазақстан), Х.Ғабитов (Башқұртстан), Ш.Манатов (Башқұртстан) жарыссөзге шығып, пікірлерін айтты.

Бас баяндамашы профессор А.Зифельдт-Симумяги «Түрік тілдерінде ғылыми терминологияны түзудің қағидаттары туралы» деген тақырыпта баяндама жасады. Ғалым сөзінің басында бұрынғы тіл білімі мен советтік жаңа тіл білімінің ерекшеліктеріне тоқталды. Түрік тілдерінде сөйлейтін халықтар тұратын советтік республикаларда халық ағарту комиссариаттары жанынан грамматика мен терминологияны жасайтын мемлекеттік терминологиялық және басқа да комиссиялар жұмыс істей бастағанын айта келіп, олардың жұмысы комиссия мүшесі болып жүрген жергілікті халықпен үнемі тығыз байланыста бола бермейтін ғалым, әдебиетшілерге, ұлттық кадрларға ғана тәуелді болмауы үшін жұмыс ашық, жария түрде жүргізілуі керектігін ескертті. Түрік халықтарының әдеби тілдерін қалыптастырғандағы ұстанған бағыттары жөнінде А.Р.Зифельдт былай дейді: «Түріктілді халықтар ортасындағы көпшілігінің әдеби тілінің дамуына қатысты біз оларды негізгі 4 ағымға бөлеміз. Қиындатпау үшін шартты түрде біз олардың біріншісін – панисламистер, екіншісін – европаландырушылар, үшіншісін – пантүркистер және төртіншісін халықшылдар (демократтар) деп атаймыз».

А.Зифельдт бұл ағымдардың ерекшеліктеріне тоқтала келіп, қарапайым халықтың сөйлеу тіліне жақын әдеби тіл түзу үшін ең дұрыс жол халықшыл демократтардікі екенін айтады. 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезінде бекітілген, Баку съезіндегі баяндамасында А.Байтұрсынұлы түркі жұртына ұсынған қағидаттарды сараптасақ, А.Зифельдт анықтамасына сүйенсек, қазақ оқығандары ұстанымы тұрғысынан халықшыл ағымына жатады.

Съездегі «Ғылыми терминология жүйесі туралы» деп аталатын екінші баяндаманы профессор Б.В.Чобан-заде жасады. Осы съездегі ең бір ғылыми негізді, жүйелі жасалған баяндама профессор Б.В.Чобан-заденікі болғанын атап айту қажет. Ғалым терминологияны қалыптастыруда назарға алынуға тиіс үш ортақ негіз (база) бар екенін айта келіп: «Мен мынадай жалпытүріктік, араб-парсылық және еуропалық үш негізді бөліп көрсетемін» дейді.

Профессор Б.Чобан-заденің бас баяндамашы А.Зифельдтен басты өзгешелігі – араб пен парсы тілдерін терминология қалыптастырудың бір көзі ретінде тануы. Ол бұл тілдерден енген руханият сөздері түркі тілдеріне әбден сіңді, сондықтан оларды тілде қалдырған дұрыс деп санайды.

«Біздің тілдерімізді тек жалғамалылық немесе сингармонизм тұрғысынан анықтауға болмайды, бұлар біздің тіліміздің бөліктері ғана болса керек. Тіпті, мен айтар едім, мейлінше таза тіл саналатын қазақ тілінде де өзінікіндей болып кеткен шет тілдік жат элементтер өте мол. Бізде таза түрік тілдеріне тән жалғамалылық немесе үндестік заңын араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздер бұзған. Осы кірме сөздерді қосып тұтастай алғанда, біздің тіліміз таза түрік тілі емес, сондықтан ол жалғамалылық пен үндестік заңының негізгі ережелеріне толығымен бағынбайды» деген тұжырым жасайды.

Ғалым «біздің тіліміз таза түрік тілі емес», оның негізгі заңдарын араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздер бұзғандықтан, жалғамалылық пен сингармонизмді оның қазіргі сипаты ретінде тану жеткіліксіз деген тоқтамға келіп отыр. Ал қазақ ғалымдары бұл пікірмен толық келіспейді. Қазақ оқығандарының жалғамалылық пен сингармонизм туралы пікірі басқашалау.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңын арнайы зерттеген қазақ ғалымы Халел Досмұхамедұлы: «Сингармонизм – түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Түрік тілдерінің көбі (Ыстанбұл түріктері, Қазан ноғайы, сарт-өзбек, тағы талайлар) түрік емес халықтардың сөзін көп алғандықтан, жат жұрттарға көп араласқандықтан, осы айрықша қасиетінен айырылып қалып отыр. Осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жұрттармен жарытып араласпай, нағыз түріктікті сақтаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгерместен қалып отыр. Сингармонизм заңы – жалғыз қазақ тілінің емес, түрік тілінің заңы, тек түрік тілінің емес, орал-алтай тобына кіретін тілдердің заңы» деп жазады.

Б.В.Чобан-заде мен Халел Досмұхамедұлының түрік тілдерінің кірме сөздерді көп қабылдап өзгеріске ұшырағаны туралы пікірлері бір жерден шығады. Алайда Х.Досмұхамедұлының сингармонизм заңы қазақ-қырғыз тілдерінде қазір де сақталып отыр деген пікірі Б.В.Чобан-заде пікірімен үйлеспейді. Осындай пікірді Алаш оқымыстысы А.Байтұрсынұлы да айтады: «Біздің түрік тілі әуелде бір тіл болып, содан соң ел бұтақтап өскенде, тіл де бұтақтаған. Түбірі бір болса да, түрі басқаланып, түрік тілінің арасына тарау-тарау жік түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ түрік тұқымынан ел болса, сонша тарау тілінде басқалық бар. Тілдің басқалануына себеп болған – әртүрлі бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандық. Түріктің балалары өсіп, алды-алдына тарап әртүрлі халық бен сыбайлас болған, араласқан түрлі жұрттың түрлі тілінен түрік тіліне жат сөздер, жат дыбыстар кірісіп, тіл арасының бірте-бірте жігі ұлғайған». «Растыққа жүгінсек, түріктің тұнық тілі, түзу емлесі қазақта». «Түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек. Сол екеуі де қазақтан табылады. Азбаған асыл тілден емле шығарып, соған қарап басқа емлелерді түзету керек».

А.Байтұрсынұлы 1913 жылы жарық көрген «Қазақша сөз жазушылар диқатына» деген мақаласында: «Басқаларда дайар емле бар ғой, соны алайық деп, қисық емлеменен тіліміздің қисайтпаймыз. Тілдің ауанына қарамай, харіптің, емленің ауанына бұрып тілдің көркін бұзған, әдеби тілмен жазамыз деп, жат тілмен жазып, өз тілінен айырылған басқа түріктердің ізіне түсіп, тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейміз» десе, содан 13 жыл өткеннен кейін Бакудегі съезде сөйлеген сөзінде: «Біз сіздер үшін өз шрифтімізді өзгертпейміз» деп сол ұстанымын тағы да қайталайды.

А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлының сингармонизм заңы туралы пікірлері бір жерден шығып тұр. Яғни мұны қазақ ғалымдарының зерттеу барысында жасаған қорытындысы, жат сөздерді, шет тілдерінен енген кірме терминдерді жазуда келген ортақ ұстанымдары деуге болады.

Баку съезінде араб, парсы сөздерін түрік тілдерінде қалдыру-қалдырмау мәселесі көп талқыға түсті. Бас баяндамашы Зифельдт: «Енді араб және парсы сөздеріне қатысты. Мен бұл сөздерге қарсымын. Мен бұлар діннен қалған мұра, басқа түк те емес, сондықтан түрік тілдерінде тек діни ұғымдарды білдіретін терминдерді ғана қалдырған жөн деп санаймын». Б.Чобан-заденің араб, парсы тілдерін термин алып келген сыртқы көз ретінде танығаны жоғарыда айтылды. Ал қазақ ғалымы Елдес Омарұлы: «Араб сөздерін тастап немесе түрік тілдерінің грамматикасына сәйкес қайта жасау бұрын да түрік тілдерінің кезек күттірмейтін міндеті болған және қазір де солай»; «Түрік тілдерін біріктірудің бірінші қадамы – араб пен парсы сөздерін жойып, ортақ терминдер жасау. Бізді тек терминдер бөліп тұр» деді.

Елдес араб, парсы сөздері түрік тілдерінің арасын ажыратушы фактор, олардан арылу керек дегеніне қарамастан, Бірінші түркология съезінің қарарында көпшілік қабылдаған араб-парсы терминдері түрік тілдері грамматикасына сай өзгеріп қалады деп көрсетілді. Қазақ тілінен оларды біржола аластау мәселесі түбегейлі қойылған жоқ. Қазақ тілінің терминология қағидаттарында да оларды тек тіл табиғатына сәйкес өзгертіп жазу қажет деп көрсетілді.

Жалпытүріктік терминқор түзуге қатысты айтылған тағы бір ерекше ұсыныс – тілдердің туыстық жақындығы ескерілген топтық терминология құру. Чобан-заде II сатыдағы мектепке арналған терминологияны түзуде тілдік топтарды негізге алуды ұсынады: «Мысалы, қазақ немесе башқұрт тілдері бір-бірінен өзара термин алуы керек. Сондай-ақ қазақ терминологтары олардың тілдерінің өзбек диалектісімен байланысын ұмытпауы тиіс. Сол сияқты әзербайжан терминологтары осман терминологиясына назар аударуы қажет» десе, қосымша баяндамашы Зейналлы: «Басты үш-төрт түрік наречиясына арналған топтық терминология қалыптастыру мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды, қалған шағын топтардың барлығын солар үйлесетін тармақтардың бірімен байланыстыруға болады» деген пікір айтады.

Бұл ұсынысты қолдаған Х.Одабаш, Н.Төреқұлов және басқа да ғалымдар болды. Алайда XX ғасыр басында да, одан кейін де оғыз тобына немесе қыпшақ тобына жататын туыстығы жақын тілдер арасында өзара терминалмасым үдерісі қарқынды жүргізіліп, жүйелі түрде жүзеге аспады. Өйткені 30-жылдардан кейін Совет Одағы құрамындағы түріктердің терминжасам, терминалмасым үдерісін Мәскеу белгіледі. Олардың термин алатын, терминқорын толықтыратын негізгі көзі орыс тілі болды. Сондықтан олардың терминологиясында бір-бірінен алмасқан түрік сөздері емес, орыс тілінен алынған бәріне ортақ орыс терминдерінің саны күрт өсті. Ал Түркиямен тілдік байланыс, терминалмасым мүлдем үзілді. Соған қарамастан Анадолы түріктері Совет Одағы құрамындағы түрік халықтары тілдерінен кейбір сөздерді термин ретінде алып отырды.

XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы да, басқа оқығандар да қазақ, қырғыз тілдері үндестік заңы бұзылмаған, жат сөздермен ластанбаған ең таза тілдер деп бүкіл түрік халықтарына мәлімдесе, қазір олай дей алмаймыз. Дәл қазіргі қазақ терминологиясының құрамында сингармонизм заңына бағынбайтын, қазақ тілінің емле ережелеріне сай жазылмайтын жат сөздер өте мол. Жүз жылда қазақ тілі көп өзгерді. Осындай өзгерістер өзге түрік тілдерінде де бар. Ендеше біз түрік тілдерінің тарихи дамуын, өткен кезең тәжірибелерін де ескерумен қатар, негізінен әдеби тілдің, ғылым тілі мен терминологияның қазіргі қалпын есепке ала отырып ертеңін жоспарлауға тиіспіз.

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ,
ҚР ҰҒА академигі,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

ӨМІРГЕ ҒАШЫҚ ЖҮРЕК

Өмір кейде адамды сынақтың шырғалаңына тастап, оған қарсы тұру үшін қайсарлықтың құрышын ұсынады. Назерке Ермек – сол сынақтарда жаншылмай, қайта жаңа күшпен жарқыраған жан. Оның тағдыры – жай ғана өмірбаян емес, үміт пен табандылықтың әуені.



Назерке бала кезінен-ақ тағдырдың ауыр жүгін арқалап келеді. Ол негізінен 14 жасына дейін өздігінен отыра алған. Бірақ уақыт өте келе ауру аяқ-қолын жансыздандыра түскен. 2018 жылы дем алуы қиындап, ауа жетпей бір жыл бойы тыныс алу аппаратына тәуелді болды. Ауруханада өткен сол күндерін өзі «Ауа жұту мен үшін арман еді» деп еске алады. Дәрігерлер оның өмірден күдерін үзіп, ұзақ өмір сүрмейтінін айтқанда, ата-анасы жас қызды үмітпен қанаттандырды. Әкесінің құшағы, анасының махаббаты қайтадан өмірге ғашық етті. TikTok, Instagram-нан көргенімде, барлық видеосында әрдайым жанында әкесі жүреді. Назерке үшін нағыз қаһарман – әкесі. Қазір сау балаларының өзін тастап кетіп жатқан әкелер қаншама. Бірақ Назеркенің әкесі қызының барлық жағдайын жасап, әрдайым сенім мен қолдау беріп, қасында болады. Осы тұста Назеркеге шабыт пен күш беретін басты нәрсе – жақындарының шексіз сүйіспеншілігі.

«Ата-анам мені жақсы көреді, сол үшін мен де өзімді жақсы көремін» дейді ол. Бұл сөздердің астарында тек махаббат қана емес, өмірдің өзі жатқандай. Ол күн сайын өзіне «Сен сұлусың, сенің қолыңнан бәрі келеді» деп айтады. Назерке өмірге ғана емес, өзінің арман-қиялына да адал. Алты жыл бойы дауысынан айырылған ол жақында ота жасатып, өз табысы арқылы барлық шығынды өзі өтеді. SMM курсын өткізіп, қаржылық тәуелсіздікке жетті. Оның келесі арманы – үлкен сән салоны немесе киім дүкенін ашу.

Ол жай ғана өмір сүру үшін емес, өзгелерге үлгі болу үшін күресуде. Назерке Ермектің тағдыры тек оның жеке жеңістерінен құралмайды. Дені сау адамдарға былай деп үндеу тастайды: «Сап-сау болып, ештеңе жасамау – жалқаулықтың ең сорақы түрі». Бұл сөздер – оның болмысының айқын көрінісі. Өзі үнемі өмір үшін күреседі, өзгелерге сенім ұялатады. Бұлай деуінің себебі Instagram-парақшасына жазылған кейбір оқырман қарызға ақша сұрайтын көрінеді. Ал Назерке ерекше адам екеніне қарамастан бұл өмірге шексіз ғашық. Мысалы, ол әлемді шарлағысы келеді, өйткені арманы көп және сол үшін әрекет етеді. Назеркенің тағдыры бізге өмірдің кез келген жағдайында сөнбейтін үміттің бар екенін көрсетеді. Бұл үміт – жүрегінде жалын отын жағуға әрдайым дайын жандарға арналған шамшырақ.

Зулмира АУХАТҚЫЗЫ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

ДӘРІГЕР – ЖАЙ КӘСІП ЕМЕС, ТАҒДЫР

Дәрігер туралы жазу, әсіресе тіс дәрігері туралы толғану оңай емес. Олар көп сөйлемейді. Мінезі салмақты. Қолдары ғана сөйлейді. Ауыз қуысындағы тіршіліктің тамырын дәл тауып, олар тістердің тынысын бір қарағанда-ақ танып қоятын зерде иесі.

Осындай жандардың бірі – ұмырын стоматология саласына арнаған Батихан Мұстафаұлы Жидебаев. Ол ұзақ жылдар бойы Астана қаласындағы «Стоматология» оқу-клиникалық орталығында ортопед-стоматолог болып еңбек етіп, талай адамның алғысына бөленді. Оның қабылдауынан өткен жандар тек ем алып қана қоймай, сабыр мен сенім де табатын.

Батихан Мұстафаұлының кіндігі кесілген жер – Арал. «Арал ертегі тәрізді еді» деп еске алады ол. Бір кездері толқыны темір жол жиегіне жеткен теңіз, кермек ауасы, құмға сіңген сағыныш – бәрі оның жадында. Қала тарихы «Алты құдық» қыстағынан басталып, кейін «Орынбор-Ташкент» темір жолының салынуымен өркендегені де бала күннен құлағында. Теңіз шегінсе де, адамдар туған жерін тастамады. Сол топырақта 1956 жылдың 23 ақпанында дүниеге келген ол 1973 жылы мектеп бітіріп, еңбекке ерте араласты. Комсомол жастар бригадасымен алыс қыстақтарға барып, қой бақты. Әскер қатарында болып қайтты. Дегенмен жүректегі арман оны медицинаға жетеледі. Осылайша ол Қарағанды медицина институтының стоматология факультетіне түсіп, оны ойдағыдай тәмамдады. 1985 жылы Қызылорда қаласына жас маман болып оралып, №2 стоматологиялық емханада еңбек жолын бастады.



Кейін бөлім меңгерушісіне дейін көтерілді. 2002 жылы Астанаға қоныс аударып, «Стоматология» оқу-клиникалық орталығында ортопед-стоматолог, бөлім басшысы қызметтерін атқарды. Еңбегі қалалық, облыстық, республикалық деңгейде жоғары бағаланды.

Ол дәрігер болудың үлкен жауапкершілік екенін айтады. «Дәрігерлік – тек білім емес, мінездің де сыналуы» дейді. Себебі бұл мамандық терең біліммен қатар, төзімділік пен жан мейірімін талап етеді.

Орыс жазушысы әрі дәрігер Антон Чехов: «Медицина – менің заңды әйелім, ал әдебиет – көңілдесім» деген екен. Бұл сөздің астарында мамандыққа адалдық жатыр. Батихан Мұстафаұлы үшін де стоматология – жай кәсіп емес, тағдыр. Өмірінің 52 жылын еңбекке, оның 45 жылын сүйікті мамандығына арнаған дәрігер бүгінде ақсақал атанып, ұлқыздары мен немерелерінің ортасында елге салиқалы қызметін жалғастырып келеді. Оның ғұмыр жолы – үнсіз еңбек пен адамға деген шынайы жанашырлықтың үлгісі.

Есен БАЙБОЛСЫН,
Астана қаласы

ВИЧ ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы) – АИТВ инфекциясының пайда болуына себепкер кішкентай вирус. Оның адам ағзасына енуі ісік жасушалары мен қоздырғыштарын анықтау және жою арқылы ағзаны аурулардан қорғауды қамтамасыз ететін иммундық жүйенің әлсіреуі мен бұзылуын тудырады.

Вирус адам ағзасына еніп, иммундық жүйенің жасушаларына әсер етіп, оның нәтижесінде иммундық тапшылықтың ЖИТС синдромы басылып, дами түседі. Науқастың ағзасы инфекциялар мен ісіктерден қорғану мүмкіндігін жоғалтып, иммундық жағдайы қалыпты адамдарға тән емес қайталама оппортунистік аурулар пайда болады.

АИТВ инфекциясы қалай көрініс табады: иммун тапшылығы вирусының инкубациялық кезеңі бар, ол шамамен 3-6 апта. Осы уақыттан кейін 50-70% жағдайда жедел фебрильді фаза басталып, жоғары температурамен (көбінесе 37,5°С жоғары емес); тамақ ауруымен; буындардағы, бұлшық еттердегі ауырсынумен; бас ауруымен; ұйқышылдықпен, жалпы әлсіздікпен, тәбеттің төмендеуімен; лимфа түйіндерінің ұлғаюымен; жүрек айнуымен, диареямен, құсумен; тері бөртпелерімен, шырышты зақымданулармен; серозды менингитпен (өте сирек) бірге жүреді. Кәдімгі суық тию мен АИТВ-инфекциясының алғашқы белгілерін шатастыру оңай, олар спецификалық емес және 1-2 аптадан кейін өтеді (жедел фебрильді фаза қанша уақыт алатыны науқастың иммунитет жағдайына байланысты). Әдетте, жұқтырған сәттен бастап 1-3 айдан кейін ағзада АИТВ-ға антиденелер пайда болып, нәтижесінде ауру симптомпатикалық түрге ауысады. Кейбір науқастарда бұл кезең 10 жылға дейін созылса, кейбір науқастарда бұл кезең мүлдем болмайды. Көбінесе ЖИТС-тың алғашқы белгілері өкпенің зақымдануында, Капоши саркомасының дамуында, шырышты қабаттар мен терінің саңырауқұлақ зақымдануында, кандидоздарда, пневмоцистикалық пневмонияда және ұзақ мерзімді безгекте көрінеді. 10% жағдайда АИТВ-инфекциясы жылдам өтіп, сәйкесінше ЖИТС өте тез көрінеді – әдетте, вирусты жұқтырғаннан кейін бірнеше апта өткен соң науқастың жағдайы нашарлай түседі.

АИТВ-дан қорғану шаралары

Жыныстық қауіпсіздік: әрбір жыныстық қатынаста, әсіресе кездейсоқ серіктестермен презерватив қолданыңыз. Бір ғана тұрақты серіктеске адал болыңыз. Қауіптің алдын алу үшін жыныстық қатынастан бас тарту да тиімді жол.

Медициналық және косметикалық процедуралар: медициналық және косметикалық процедуралар кезінде (татуировка, пирсинг, маникюр, егу және т. б.) тек стерильді немесе бір реттік құралдардың қолданылуын талап етіңіз. Біреумен ортақ ұстара, тіс щеткасы, маникюр құралдарын пайдаланбаңыз.

Инъекциялық есірткілер: инъекциялық есіртікі қолданбаңыз. Егер қолдану тоқтамаса, әрдайым жаңа, бір реттік ине мен шприцті пайдаланыңыз және оларды ешкіммен бөліспеңіз.

Контактке дейінгі профилактика: жоғары жұқтыру қаупі кезінде дәрігердің ұсынысы бойынша вирусқа қарсы препараттарды қабылдау арқылы инфекция жұқтыру қаупін азайтуға болады.

Постконтактілік профилактика: егер қорғанусыз жыныстық қатынас немесе басқа да қауіп туындаса, 72 сағат ішінде дәрігерге жүгініп, 28 күндік вирусқа қарсы ем қабылдау қажет.

Анадан балаға берілуінің алдын алу: АИТВ жұқтырған жүкті әйелдер жүктілік, босану және бала емізу кезінде баласына вирус жұқтырмау үшін антивирустық ем қабылдауы қажет.

Тестілеу: АИТВ және жыныстық жолмен берілетін басқа инфекцияларға тұрақты түрде тексерілуден өтіңіз. АИТВ-ны анықтауға арналған иммуноферменттік талдау (ИФТ) инфекция жұққаннан кейін бірнеше апта өткен соң ғана нәтиже береді. Бұл талдау вирустың өзін емес, оған қарсы антиденелерді анықтайды. Кейбір адамдарда антиденелер 2 аптада, ал көпшілігінде 3 айда анықталады. Сондықтан сенімді нәтиже алу үшін тәуекел жағдайынан кейін 3 ай күту қажет. 3 ай өткен соң тест 95-98% жағдайда дәл нәтиже көрсетеді.

АИТВ-ға тегін тексерілуді Астана қаласының кез келген медициналық мекемесінде өтуге болады. Барлық сұрақ бойынша сенім телефонына хабарласыңыз: 8 (7172) 38-04-64 немесе мына мекенжайға келіңіз: Астана қ., І.Есенберлин көшесі, 5/1, АИТВ инфекциясының алдын алу және оған қарсы күрес орталығы.

С.ҚҰЛЖАНОВА,
Астана қаласы әкімдігі АИТВ инфекциясы алдын алу орталығының инфекционист дәрігері

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

БАНКТЕРГЕ ПАЙЫЗСЫЗ ҰСЫНЫС

Бізде көп нәрсе өз орнымен, өз шекарасымен дамымай, бірде тең, бірде қатар тұрып, бір сала екінші саланы «жол-жөнекей» қосып ала беретін әдет бар ғой. Соның айқын мысалы – елдегі банк жүйесі. Бір қарасаң цифрландыру бар, жылдамдық бар, қызмет ыңғайлы сияқты. Енді бір қарасаң банк банк болып қалғаны да дұрыс пе еді деп ойланасың.

Шапағат ӘБДІР

Жалпы банк дегеніміз депозит қабылдайтын, несие беретін, төлем жүргізетін, есеп айырысуды қамтамасыз ететін қаржы институты емес пе?! Оның қызметін, әлбетте, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі реттейді, ал басты міндеті – қаржы тұрақтылығын сақтау. Яғни банк дүкен емес, мемлекеттік орган емес, анықтама таратын орталық та емес. Алайда біздің банктер осының бәрімен тең болмаса да қатар жүреді. Өйткені Қазақстан банктері классикалық қаржы институтынан гөрі кең ауқымды цифрлық экожүйеге айналып кеткен. Бүгінде Kaspi Bank, Halyk Bank, Jusan Bank (Алатау), Freedom Bank Kazakhstan және Банк ЦентрКредит қосымшалары арқылы тек ақша аударып, депозит ашып қана қоймайсың, айыппұл төлейсің, мемлекеттік баж салығын өтейсің, анықтама аласың, әлеуметтік төлем рәсімдейсің, маркетплейске кіріп тауар сатып аласың. Яғни бір қосымша – әрі банк, әрі дүкен, әрі мемлекеттік сервис орталығы. Бұрын мұндай қызметтердің негізгі бөлігі электрондық үкімет порталы арқылы көрсетілетін. Қазір банктер сол функциялардың бір бөлігін өз платформасына кіріктіріп алды. Бір жағынан бұл уақытты үнемдеуге ыңғайлы, бәрі бір жерден болған соң қолдануға қолайлы. Бірақ бұл дұрыс па? Егер осындай болып жалғаса берсе, мемлекеттік функция қайда қалады, коммерциялық мүдде ше? Сырттай бақылап қарасаңыз, тіпті банктердің өзі бір-бірін сатып алып, нарықта ірілену процесі жүріп жатыр. QR-код жүйелері де бірігіп келеді. Мысалы, Jusan қосымшасында «Kaspi QR» деп жазулы тұр, қабылданады. Бір сөзбен айтқанда, кеше ғана тең бәсекелес болған жүйелер бүгін қатар тұрып қызмет көрсетеді.

Егер банктер онсыз да мемлекеттік қызметтің жартысын «арқалап» жүрсе, онда неге толық цифрлық мемлекеттік серіктеске айналмасқа? Мысалы, банк қосымшаларына «Салық декларациясы» модулін енгізуге болады. Азамат табысын банк арқылы алады, төлемін банк арқылы жасайды, демек акциялары болсын, облигациялары болсын, басқа да кәсіппен айналысса, қаржы айналымы көрініп тұр. Ендеше жеке табыс салығын (Individual Income Tax) автоматты түрде есептеп берсін. Қарапайым халық: «Төлейтінім 10 пайыз ба, 5 пайыз ба?» деп салық кодексін оқып, әуреге түспей-ақ қойсын. Жүйе кіріс пен шығысты талдап, төленуге тиіс соманы көрсетсін де: «Міне, сіздің есептелген салығыңыз. Төлеу батырмасын басасыз ба?» десін – болды. Егер азаматтың банкте көрінбейтін қосымша мүлкі, активі болса, оны өзі енгізсін. Қалғанын алгоритм есептесін. Бұл салықтық әкімшілендіруді жеңілдетер еді, есеп қателігін азайтар еді, көлеңкелі айналымды қысқартуға ықпал етер еді. Әрине, бұл жерде дербес деректерді қорғау, банк құпиясы, ақпарат қауіпсіздігі мәселесі бірінші орынға шығатыны анық. Бірақ техникалық мүмкіндік бар болса, неге оны тиімді пайдаланбасқа?

Сол сияқты мемлекеттік сатып алу жүйесін банктік экожүйеге кіріктірсе құба-құп болар еді. Мысалы, «Kaspi Tender», «Halyk Tender» немесе басқа да банктік тендер модульдері іске қосылса деп ойлаймын. Яғни кәсіпкер банк қосымшасына кіріп, сол жерден мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінім берсін. Оның қаржы тарихы банк жүйесінде бар, төлем қабілеті көрініп тұр, кепілдік сомасы автоматты түрде бұғаттала алады. Қосымша құжат жинап, оны басқа жаққа жүктеп әуреге түсіп, әр есікті аңдымайды сонда. Бұл шағын және орта бизнес үшін рәсімдерді жеңілдетуі мүмкін еді. Әрине, мұнда да маңызды шекара бар. Мемлекеттік сатып алу – мемлекеттің тікелей функциясы, ал банк – коммерциялық ұйым. Егер бұл екі бағыт тоғысса, онда заңнама негізі, монополияға қарсы реттеу, киберқауіпсіздік және қоғамдық бақылау тетіктері өте қатаң болуы керек.

Мұнда халыққа қолайсыз тағы бір мәселе бар. Ол – үкіметтік банктердің жоғы, бәрінің жекеменшікте болғаны. Яғни нарық толық бәсекелі емес. Оның үстіне елде ұзақмерзімді арзан қаржы көздері дамымаған – инвестиция қорлары әлсіз, капитал нарығы шектеулі. Осындай жағдайда коммерциялық банктер экономиканың емес, ең алдымен өздерінің тұрақты табысының логикасымен әрекет етеді. Бұл – табиғи нәрсе, өйткені олар – пайда табуға ғана бағытталған ұйымдар. Сондықтан елде бір мемлекеттік банк құрылса, мұның өзі халыққа үлкен демеу болар еді. Коммерциялық банк табыс әкелетін клиентті қаржыландырады, ал тәуекелі жоғары, қайтарымы ұзақ экономикаға байланған жобалар көбіне назардан тыс қалады. Қысқасы, қазіргі жағдайда несие пайызының жоғары болуы – жеке банктердің шешімі емес, бүкіл қаржы жүйесінің құрылымынан туындайтын мәселе. Мұндай жүйеде тек нарыққа сүйену жеткіліксіз. Экономиканың нақты секторын дамыту үшін мемлекеттік банктердің болуы қажеттілікке айналып отыр.

№21 (4919) 21/02/2026 Сенбі



МҰҚАҒАЛИ МҰРАСЫ ДӘРІПТЕЛДІ

Ұлттық музей қабырғасында қазақ поэзиясының мұзбалағы, ұлттық рухтың символына айналған Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «Жырлайды жүрек» атты поэзия кеші өтті.

Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі ұйымдастырған кешке К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Менеджмент, бизнес және білім колледжі, М.Тынышбаев атындағы Астана ALT көлік колледжінің студенттері, сондай-ақ М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-лицей, Ә.Бөкейхан атындағы Binom School, №73 мектеп-лицей оқушылары қатысты. Іс-шара барысында музей қорында сақталған ақынның жеке заттары, қолжазбалары мен кітаптарынан көрме ұсынылды.

– Халыққа тарихи жәдігерлерді көрсететін орын ғана емес, ұлттың рухани қазынасы сақталған киелі шаңырақ – музей. Осында халқымыздың маңдайына біткен біртуар тұлғалардың тұтынған заттары, қолжазбалары, кітаптары мен естеліктері сақтаулы. Сол асыл мұралардың қатарында қазақ поэзиясының падишасы атанған Мұқағали Мақатаевтың жеке заттары мен кітаптары бар. Осы бір поэзия кешін ұйымдастырудағы мақсатымыз – келушілерге ақын



мұрасын тек тамашалап қана қоймай, оның жүрек тербер жырларынан рухани ләззат сыйлау. Мұқағали өлеңдері – адам жанының айнасы. Оның әрбір жыры жүректі қозғайды, сезімді серпілтеді. Ал мұрасы уақыт өткен сайын құнын арттырып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек, – деді музей директорының міндетін атқарушы Ақмарал Ибраева.

Бұдан бөлек, кеш барысында театрландырылған көріністер қойылып, ақын өлеңдері оқылып, әндері шырқалды. №74 мектеп-лицей оқушылары Мұқағали жырларын мәнерлеп оқыса, BINOM-дықтар ақын поэзиясын тебіреніспен жеткізді. Ал Қазақ радиосының «Алтын қорында» сақталған ақынның өз үнімен оқылған жырлары залдағы көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Жалпы елордамызда Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойына арналған рухани іс-шаралар көптеп өтіп жатыр. Соның бірі – №1 балалар кітапханасындағы «Жүректен шыққан жыр – Мұқағали» атты әдеби-сазды кеш. Оның аясында «Ұлы ақын Мұқағали әлемі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, мұрасын насихаттауға арналған тағылымды кездесу өтті. Іс-шараға ақын-сазгер Ерқожа Әлқожаұлы арнайы қатысып, кеш мазмұнын тереңдете түсті. Қазақстандық Швейцария-Америка колледжінің студенттері мен Ә.Кекілбаев атындағы Binom school оқушылары ақын шығармаларын оқып, өнерін ортаға салды.

Ал Ұлттық академиялық кітапханада өткен «Есіңе мені алғайсың» атты әдеби-сазды кеш тізгінін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, әнші-композитор Елена Әбдіхалықова ұстады. Іс-шараны кітапхана директоры Күміс Қарсақбайқызы құттықтау сөзбен ашса, ақын, жазушы, драматург Баянғали Әлімжанов Мұқағали жайлы тағылымды естеліктерімен бөлісті. Мұқағали мұрасын насихаттауға өмірін арнаған Ерқожа Тілепбердиев сөз сөйлеп, ақынмен рухани сабақтастығы мен туған жерге қатысты естеліктерін жеткізді. Әдеби кеште ақындар мен өнерпаздар Мұқағали өлеңдерін оқып, оның сөзіне жазылған әндерді орындады. Ерекше әсер қалдырған сәттің бірі – полиция қызметкерлерінің сахнаға шығып, ақын жырларын тебірене оқуы. Сонымен қатар жас ақындар мен студенттердің өнер көрсетуі кештің мазмұнын байыта түсті. Елена Әбдіхалықова орындаған «Есіңе мені алғайсың» әні Мұқағали рухына тағзым еткен тағылымды кештің әсерлі қорытындысына айналды.

Бетті дайындаған **Шапағат ӘБДІР**

КОНЦЕРТТЕР ЖОРЫҒЫ БАСТАЛДЫ

«Астана Опера» театрында көрнекті қазақстандық баритон, КСРО халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ермек Серкебаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Өнер тарландары» топтамасының алғашқы концерті өтті.

Кеш шымылдығын ашқан Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шахимардан Әбілов ұлы әншінің әлемдік музыка тарихындағы орнына тоқталды.

– Концерттің ерекшелігі – ән өнеріміздің, қазақ тілі мен тарихының әлемдік деңгейдегі биігін көрсетуінде. Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, «Халықтың әні кетсе – әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе – жаны кетеді». Ермек ағамыз – әлемдік деңгейдегі Карузо, Титта Руффо, Шаляпин секілді алыптармен терезесі тең тұрған, жүз жылда бір келетін бірегей құбылыс. Оның дауысы мен интонациясы арқылы күллі



Фото: Солтан Жексенбеков

әлем қазақ тілінің құдіретін таныды, – деді Ш.Әбілов.

Жоба авторы әрі концертмейстер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Раушан Бескемпірова бағдарламаны жасау барысында Ермек Серкебаевтың сан қырлы талантын ашуды көздегенін айтады. Кеште халық әндерімен қатар, классикалық орыс романстары мен отандық композиторлардың туындылары шырқалды.

– Ермек Бекмұхамедұлы өте мейірімді, парасатты жан еді. Ол тек ұлы әнші ғана емес, аспапты да шебер меңгерген хас музыкант болатын. Біз жас орындаушылар арқылы Серкебаев салған сара жолды, оның өзіндік трактовкасын көрерменге жеткізуге тырыстық, – деп атап өтті Раушан Бескемпірова.

Сахна төрінде Талғат Мұсабаев, Айгүл Ниязова, Жан Тапин секілді белгілі майталмандармен бірге Феруза Рахметова, Лейла Аламанова сынды жас таланттар өнер көрсетті. Барлығы 23 шығарма орындалып, әрбір туынды көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

ҚОЛЖАЗБАЛАР КӨРМЕСІ

«Тұран-Астана» университетінде Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы ұйымдастырған «Ұлы дала тарихының жазба мұралары» атты көрме өтті. Іс-шара Ұлы даланың жазба мұрасына және оның көне дәуірден бүгінге дейінгі даму кезеңдеріне арналды.

Экспозицияда VIII-IX ғасырлардағы көне түркі тіліндегі сирек қолжазбалар, Қарахан мемлекеті, Алтын Орда және Қазақ хандығы дәуірлеріне жататын араб, парсы және шағатай тілдеріндегі құжаттар, сондай-ақ көне түркі жазуының үлгілері мен латын графикасындағы басылымдар көпшілік назарына ұсынылды. Барлық материал Ұлттық орталықтың қорында сақталған. Кездесу барысында қатысушыларға жазба ескерткіштердің тарихи маңызы, оларды зерттеу ерекшеліктері мен сақтау жолдары туралы мәлімет берілді.



ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР – ЗИЯТКЕРЛІК ТУРНИРДЕ

Астана қаласы Байқоңыр ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында Алматы, Байқоңыр, Есіл, Нұра және Сарыарқа аудандары арасында «Алашорда үкіметі және Алаш қозғалысы қайраткерлері» тақырыбында зияткерлік турнир ұйымдастырылды.

Іс-шараның басты мақсаты – ұлттық тарихты насихаттау, Алаш қайраткерлерінің мұрасын сақтау және дәріптеу, сондай-ақ аға буын өкілдерінің білім деңгейі мен белсенділігін арттыру. Сұрақтар XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысқа, Алашорда үкіметінің тарихына және оның жетекшілері: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының қоғамдық-саяси қызметіне арналды. Қатысушылар тарихи деректер мен архив мәліметтеріне сүйене отырып, жоғары дайындық деңгейін көрсетті.

– Байқоңыр ауданының белсендісі Сайлаукүл Есенбекова мұрындық болған ойынға зейнеткерлерден құралған 5 команда қатысты. Мұндай кездесулер зейнеткерлердің бір-бірімен қауышып, эмоция алуына, қарт адамдардың ойлау және есте сақтау қабілетіне оң әсер етеді. Әсіресе Алаш қайраткерлері туралы қойылым көрермендердің көңілінен шықты, – деді перспективті даму және әлеуметтік жобалар бөлімінің маманы Дария Әлиқызы.

Турнир қорытындысы бойынша қазылар алқасының шешімімен жүлделі орындар



анықталып, жеңімпаз командалар дипломдармен марапатталды. Нәтижесінде I орын – Нұра ауданының «Ұлағат» командасына, II орын – Есіл ауданының «Сыр сандық» командасына, III орын Сарыарқа ауданының «Сарыарқа» командасына бұйырды. Бұдан бөлек, қатысушылар Алаш қайраткерлерінің ел тәуелсіздігі жолындағы еңбегін ерекше құрметпен атап өтіп, олардың идеяларының қазіргі қоғаммен сабақтастығын талқылады.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №21
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ